Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Шығыс Қазақстан облысы

КГКП
Ясли-сад №5
"Бала әлемі"

Әдістемелік құрал «Шебер қолдар»

мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған ұйымдастырылған оқу қызмет түрлерінің топтамасы

Семей қаласы, 2021 ж

Құрастырғандар: Г.К. Азилханова, С.С.Джамбулатова
Әдістемелік, техникалық тұрғыдан өндеу жұмыстарын атқарған: Аскатова С К

Рецензия жазған: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»КеАҚ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, «академик С.Қалиев атындағы педагогикалық инновациялар» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері М.С. Мырзаханов

Әдістемелік құрал «Шебер қолдар» мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған ұйымдастырылған оқу қызмет түрлерінің топтамасы. Жалпы ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі 36 сағатты қамтиды.Оқу қызмет құрылымында дидактикалық ойындар, өздік нәтижелі іс-әрекет түрлері, көркем сөздер, аз қозғалмалы ойындар, сергіту сәттері, саусақ жаттығулары енгізіліп отыр. Берілген тапсырмаларды орындау арқылы баланың танымдық, техникалық, шығармашылық қабілеттері дамып, құрастыру дағдылары қалыптасады, сонымен қатар балаларды оригами технологиясымен таныстырамыз

«№ 5 «Бала әлемі» ясли- бөбекжайы » коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның педагогтары Азилханова Гульмира Кадырхановна мен Джамбулатова Сажида Салиховнаның **" Шебер қолдар "** атты мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған әдістемелік құралына

РЕЦЕНЗИЯ

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту балардың шығармашылық қабілетін арттыру бүгінде үлкен маңызға ие. Өйткені білім мен тәрбие бөбекжай мен балабақшалардан бастау алмақ. «Құрастыру» термині (латынның construere-деген сөзінен шыққан) әр түрлі заттарды, бөліктерді, элементтерді белгілі бір жағдайға келтіруді білдіреді. Құрастыру сабағында балалардың ойлау және сенсорлық қабілеттері іске асады. Заттарды белгілі бір мақсатпен қарап, оларды өзара салыстырады, бөліктерге жіктейді, олардан ұқсастық пен айырмашылықты көреді, негізгі құрастыру бөліктерін табады, талдау жасауды меңгереді.

Әдістемелік құрал **" Шебер қолдар "** арқылы баланың танымдық қасиетін және де шығармашылық қабілетін дамытуға арналған. Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері «Таным» білім саласына қатысты құрастыру бағдарлама тарауына қосымша ретінде жинақталып отыр. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің құрылымына дидактикалық ойындар, өздік нәтижелі іс-әрекет түрлері, көркем сөздер, аз қозғалмалы ойындар, сергіту сәттері, саусақ жаттығулары енгізіліп отыр. Берілген тапсырмаларды орындау арқылы баланың танымдық қабілеттері жан-жақты дамып, құрастыру дағдылары сонымен қатар техникалық шығармашылығы қалыптасады. Құрастыруды үйрену кезінде балалардың жоспарлы ойлауы іс-әрекеті дамиды, бұл-іскерліктің қалыптасуындағы маңызды фактор болып табылады. Балалар бұйымды құрастыра отырып олардың қандай болатынын ойша елестетеді және оларды қандай жүйеде қалай жасайтынын жоспарлайды. Балалар сөйлеу барысында жоғары-төмен, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке, үлкен-кіші, асты-үсті, оңға-солға, жоғары-төмен, алдынан-артынан деген термин сөздерді дұрыс қолдана бастайды.

Мектепке жасына дейінгі кезеннен бастап бала қолының икемділігін арттыруға арналған жұмыстар баланың мектепке дайындығының баспалдағы екенін танытады. Сондай-ақ ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында берілген тапсырманы құрастыру баланың дүние танымын кеңейтеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық карталарынан байқағаным, бұнда нәтижелі іс-әрекеттің негізгі үлгісін қарастыру, үлгі бойынша жұмыс кезеңдерін көрсету сияқты әдіс –тәсілдер көрсетілген. Берілген тақырыптар баланың дүние танымына жақын дүниелерді қамтиды. Алынған тапсырмалар тақырыптарға бағыттала отырып, баланың қызығушылығын, ой-өрісін, қиялын, танымдық, техникалық қабілеттерін дамытады.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру беру жүйесінде еңбек ететін тәрбиешілер мен әдіскерлерге арналған.

Пікір авторлық бағдарламаны оқу үрдісіне енгізіп, баспаға ұсыну үшін берілді.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«академик С.Қалиев атындағы педагогикалық инновациялар»
ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері _____ Мырзаханов М.С.

КАДРЛАР БӨЛІМІ

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілетін дамытуға ерте жастан бастап мән беру қазіргі заман талаптарының бірі болып отыр. Ондағы басты мақсат баланың бойындағы техникалық талабын кішкентай кезінен бастап байқау және дамыту. Балабақша аясында әртүрлі технологияларды қолдану ойын арқылы жүзеге асады. Және де ең маңыздысы ойын формасын таңдаған кезде баланың жас ерекшелігін ескеруіміз керек. Қолданылатын құрастыру материалдарының өзі әртүрлі болады. Бүгінгі күні, LEGO-конструкторлар балалар ойын қызметінде белсенді қолданылады. LEGO-конструкторлар қазіргі заманғы педагогтармен қоршаған ортаның мәдени байлығын игеруге ықпал ететін, социумда табысты қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бірқатар ойыншықтарға жатады. Жұмыс барысында тек қана LEGO-конструкторлармен шектелмей , жылдың екінші жартысында оригами технология элементтерімен таныстыра келе, бір қатар ұйымдастырылған қызметті бағыттадық.

Бала ойнай отырып ойланады және оның қолы жұмыс жасайды, қолдың ұсақ моторикасы дамиды. Бала өзінің техникалық шығармашылығын ояту үшін – алдымен жобалай білуі керек, жаңа нәрсе ойлай білуі керек, сол затты құрастыра білуі керек. Балаға кішкентай жасынан бастап құрастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана білу тұрғысынан үйрете отырып, қиялды қалыптастырудың маңыздылығы зор.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарт талаптарын жүзеге асыруда вариативтік компоненттердің қосатын үлесі зор. Шеберлікті шыңдайтын қосымша жұмыстардың мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға тиімділігі өте қажет. Осы мақсатта ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арнап «Таным» білім саласына қатысты құрастыру бағдарлама тарауына қосымша ретінде «Шебер қолдар» танымдық - сабақтарын құрастырдық. Бұл сабақтар балалардың әлеуметтік-коммуникативтік даму, танымдық даму, сөйлеу дамуы, көркемдік-эстетикалық және физикалық дамуына жақсы әсер етеді. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі жастағы баланың қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуын тығыз байланыстыра отырып, бала қолының ептілігін дамыту. Танымдық белсенділікті қалыптастыру, әлеуметтік-белсенді тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- баланың дүниені танып үйренуінде түс пен рең үйлесімділігін дұрыс танып қолдана білу шығармашылығын жетілдіру;
- заттың пішінін, құрылымын, бөліктердің орналасуын, ара-қашықтықтарын дұрыс көрсете білуге дағдыландыру;
-мектеп жасына дейінгі баланың айналасындағы заттарды табиғи материалдардан жасай білуге, заттардың қасиеті мен сапасын, түр- түсін нақтылай білуге үйрету;
- қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым түсініктерін қиял арқылы жасауды қалыптастыру;

«Шебер қолдар» - баланың шығармашылығын, қиялын ұштау арқылы айналасындағы заттардың құпиясын ашу, өз түсінігі арқылы таныс заттардың образын келтіре білуге жол ашу. Заттардың бөлшектерін атай отырып, бір тұтас зат етіп құрастыруға дағдыландыру. Заттардың сапалық, сандық, мөлшерлік, түр-түс сияқты қасиеттерін ажырата білуге үйрету.

Оқу қызмет құрылымында дидактикалық ойындар, өздік нәтижелі іс-әрекет түрлері, көркем сөздер, аз қозғалмалы ойындар, сергіту сәттері, саусақ жаттығулары енгізіліп отыр. Берілген тапсырмаларды орындау арқылы баланың танымдық, техникалық, шығармашылық қабілеттері дамып, құрастыру дағдылары қалыптасады. Жалпы ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі 36 сағатты қамтиды.

«Шебер қолдар» танымдық және шығармашылық сабақтарының ұтымдылығы балалардың шығармашылығын молайтып, құрастыруда бірізділіктің дамуына ықпал етеді. Ерте жастан бастап бала қолының икемділігін арттыруға арналған шығармашылық жұмыстар баланың мектепке дайындығының баспалдағы екенін танытады. Сондай-ақ ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында шеберлік жұмыстарды орындату баланың дүние танымын кеңейтеді. Ұқыптылыққа, айналасындағы табиғаттың әсемдігін сезіне білуге жол ашады. Әр тақырыпқа сай тапсырмалар мен жұмыстарды жасай отырып, балалардың қызығушылық қабілеттері молайып, өздік әрекетке еркін кірісе алады. Әр тақырыптағы тапсырмалар 4 жас пен 5 жас аралығындағы баланың білуге қажетті құрастыру ұғымдарымен қатар, басқа да танымдық ұғымдарды қамтиды.

Қорыта келгендегі айтарымыз және бір ой түйгеніміз, баланың бір ерекше қасиеті армандау мен қиялдау, сондай-ақ, ол одан еш жалықпайды. Құрастыру - бала дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Құрастыру барлық дамудың баспалдағы, бәрін жасай білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, әр заттың үйлесуімен қалыптасады. Халық даналығында «Шеберлікті - шыңдайтын қиял» деп бекер айтпаған. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде баланың шығармашылығын танымдық үрдісте анықтап, қызығушылық пен еңбек етуге қалыптастыру көзделеді. Құрастыру жұмыстары арқылы бала миының тыныштығы мен жасалған жұмыстын мәдениеттілігі, ұқыптылығы дағдылары күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қалыптасады.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары

І-ші блок

1. «Мұнара»
2. «Гүл»
3. «Қайық»
4. «Пирамида»
5. «Көпір»
6. «Қақпа»
7. «Пальма» (ағаш)
8. «Балапан»
9. «Ұшақ»
10. «Үй»
11. «Балық»
12. «Керік»
13. «Шырша»
14. «Піл»
15. «Аққала»
16. «Жиһаз»
17. «Ит
18. «Машина» (жеңіл көлік)

Қосымша (жұмыс үлгілері)

ІІ- ші блок

1.«Қөнілді күшік»
2.«Құстар -біздің досымыз»
3. «Жұлдызша»
4. «Қөңілді балапандар»
5. «Тоқылдақ»
6. «Алып жануар піл»
7. «Пингвин»
8. «Жылан»
9. «Түлкі»
10. «Анама арналған әмиян»
11. «Бәйшешек»
12. «Қалпақ»
13. «Зымыран»
14. «Қолшатыр»
15. «Конверт»
16. «Гүлге арналған ыдыс»
17. « Желдеткіш»
18. «Жапалақ»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

№ 1 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Мұнара»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторлары туралы түсінік беру, бөлшектерден мұнара құрастыруды үйрету, мұнара туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету. Ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.
Сөздік жұмыс.	Мұнара- башня-tower, биік-высокий-tall
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар мұнара құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Текшелерден құрастырылынған мұнара, мұнара суреті
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі:** Көңілденіп күлемін, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын. (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**-Күтпеген сәт.** - **«LEGO-констуктор»** жинағын көрсету. -Балалар, бүгін бізде **«LEGO»** бірінші сабағы. Сендерді алда өте қызықты жайттар күтіп тұр. «LEGO» - қалай пайда болғаны жайлы білетін боламыз, бөлшектеріне ат қоямыз, мұнараның не екенін және де олардың қандай болатындары жайлы айтатын боламыз, соңында сендер өздерің мұнара құрастырып үйренесіңдер.
1.2.	**«LEGO» - шығу тарихы.** -«LEGO» -латын тілінен аударғанда, мен үйрендім, мен құрастырдым деген мағына береді. Дания елінен шыға бастаған. Бастапқыда ол ағаштан жасалған, кейінен пластмассадан жасалатын болған.
2 .Негізгі бөлім	**Конструктормен жұмыс жасау ережелері.** 1.Әр сабақтың алдында міндетті түрде қолымызды жақсылап жуамыз. 2.Бөлшектерді ауызға салуға, құлағымызға тығуға болмайды, бөлшектерді шашуға болмайды. 3.Сабақ барысында тәрбиешінің рұқсатынсыз орыннан тұрып, жүріп, жүгіруге болмайды. 3.Бір үстелден, екінші үстелге бөлшектерді ауыстыруға болмайды, өйткені әр үстелдегі конструктор бөлшектері өз қорабына салынуы керек.
2.1	**Бөлшектермен танысу, ат қою.** -Балалар, алдымен барлық бөлшектерді үстелдің үстіне қойыңдар. Ендеше бөлшектерге ат қойып алайық. Мен бастайын. -Мына үй неден құрастырылған? (кірпіш үйдің суретін көрсетемін) -Балалардың жауаптары тыңдалады. -Балалар мынау ұсақ бөлшектер- кірпіштер. -Оларды қалай ажыратуға болады?

	-Қараңдаршы, мына кірпіште ұзынынан 2 тетік, енінде 2 тетік, яғни біз сендермен қысқаша 2х2 (екі де екі) деп атаймыз. Ал егерде кірпіште ұзынынан 2 тетік, енінде 4 тетік болса біз сендермен қысқаша 2х4 (екі де төрт) деп атаймыз. Ал басқа бөлшектерін қалай атаймыз? Балалардың жауаптары тыңдалады.
2.2.	**Сөздік ойын « Сұрақ жауап»** - «Тұмсық» - бөлшекті көрсетіңдерші? - «Бір жақ бүйірі сүйір» - бөлшекті көрсетіңдерші? - «Үш бұрышты» - бөлшекті көрсетіңдерші? - 2х4 кірпіші қайда? -Түстерін атап берші?
2.3.	**Үлгіні қарастыру** - Ендеше балалар біз сендер мұнара құрастырап көрейік. Мұнара. биікке өрлете салынып, жеке орналастырылған құрылыс. Ерте заманда қорғаныс, қарауыл немесе белгі беру мақсатында тұрғызылған. Ол жерге орнатылады.
2.2.	**Үлгімен жұмыс .** Ең алдымен 4тетікті (4 дана) констуктор бөлшегін үстелдің үстіне қойып аламыз. Енді төменнен жоғарыға қарай 8тетікті (8 дана) бөлшекті бірінің үстіне бірін айқастыра орнатып аламыз - бұл мұнараның табаны.Олардың үстіңгі жағына 8 тетігі бар (16 дана) бөлшекті бір біріне киліктіре 2 қатардан орнатын шығамыз. Енді 8 тетікті (1 дана) бөлшекті ортасына көлбеу орнатамыз.Ең жоғары жағына (төбесі) 4 тетікті (3 дана) бөлшекті бірінің- үстіне бірін орнатамыз. Міне біздің мұнарамыз дайын болды.
2.3.	**Сергіту сәті.** Алмастырып қолыңды, Серме енді қаттырақ. Қимылдатшы саусақты, Қозға иықты, сақ бірақ. **Балалар қимыл қозғалыста болады.**
2.4.	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.5	**Фотосуретке түсіру.** Әр үстелден бір бала өздері құрастырған мұнара туралы айтып береді, фотосуретке түсіреді.
2.6	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Ойын «Шаңсорғыш»** - Балалар, қазір сендермен өзіміз жасаған мұнарамызды бөлшектеп бұзып шағамыз, содан соң қай үстелде ең жылдам заманауи «Шаңсорғыш» бар екенін анықтаймыз. Ол үшін бөлшектерді жылдам және ұқыпты қораптарына салып шығуымыз керек.

2 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Гүл»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін берілген үлгі бойынша біріктіру арқылы гүл құрастыруды үйрету, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	гүл- цветы –flowers, сыйлық- подарок-present, қызыл-красный,-red
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар гүлдің құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.

	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Теледидар
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі «Қайырлы таң»** Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, бала-бақшам! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Жұмбақ шешу** Жұпар иісі еседі, Жайнап бақта өседі. « Г» әріпінен басталған, Бұл не, қане кім шешеді? **(гүл- цветы –flowers)** -Балалар, сендер жұмбақты дұрыс таптыңдар, қандай гүлдерді білесіңдер, кәне атап жіберіңдерші?
1.2.	**Дидактикалық ойын «Өздерің білетін гүлдерді ата»** Мақсаты: Балаларды өздері білетін гүл аттарын атай білуге үйрету. Сөйлеу белсенділігін арттыру. (Балалар жауаптары тыңдалады (раушан, қызғалдақ, түймедақ) -Иә балалар дұрыс айтасыңдар.
1.3.	**Күтпеген сәт. (**Теледидар.Гүлдер патшайымы) Балалар теледидарға назар аударады. -Сәлеметсіңдерме балалар. Мен гүлдер әлемінде өмір сүремін, маған сендердің көмектерің қажет. Гүлдер әлемінде гүлдердің түрлері сан алуан. Мен оларды күтіп баптаймын, су құямын. Бүгін қатты жел тұрып, гүлзарлардағы гүлдерімнің барлығы сынып қалды. Менің гүлдерім сиқырға толы еді. Маған гүлдер құрастырып бересіңдер ме? -Балалар көмектесеміз бе? -Гүлді неден құрастыруға болады? Балалар қызығушылық танып, қойылған сұраққа жауап береді. -Балалар,мен сендерге гүлді LEGO – констукторынан құрауды ұсынайын деп отырмын.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына гүлге назар салып қарайық. -Гүлдің құрылысын кім атап береді? -Гүлдің сабағы, жапырағы, күлтелері бар. Бізге қандай түсті конструктор бөлшектері керек? Балалар жауаптыры/ қызыл, жасыл/
2.1	**Үлгімен жұмыс .** Ең алдымен 8 тетікті констуктор бөлшегін үстелдің үстіне қойып аламыз.Енді 4 тетікті жасыл түсті (4 дана) бөлшекті бірінің үстіне бірін кигізіп 8 тетікті бөлшектің тура ортасына орнатамыз- бұл гүлдің сабағы.Енді гүлдің табанын құрастыру үшін жоғарғы бір жақ бұрышы дөңес болып келетін бір жақ бұышында 2 тетігі бар – қызыл түсті бөлшекті алып, төменгі жағында 4 тетігі бар (2 дана) бөлшекті сабағына орнатамыз.4 тетікті (2 дана)бөлшекті ортасын орнатып, үстіңгі жағыны 2 тетікті бір бүйірі үшбұрыш болып келетін бөлшекті 2 тетігін жоғары қаратып орнатамыз- бұл

	гүлдің күлтесі. Міне әдемі гүліміз дайын.
2.2.	**Саусақ жаттығуы**. «Күн мен гүл» Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады, Гүл ұйқыға жатады. *(Қолдарын жақындатып, алақандарын гүлге ұқсатып ашу, қолдарымен жабылған гүлді жасау)* **Балалар қимыл қозғалыста болады.**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Жүректен жүрекке** Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желде ырғалып шайқалған. Балалар тәрбиешімен өлең жолдарын айтады

№ 3 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Қайық»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін біріктіру арқылы желкенді қайықты құрастыруды үйрету, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бөлшектер бір-бірімен қалай біріктірілетініне назар аудару. Үлгі бойынша жасату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	қайық-лодка- a boat, желкен-парус-sail
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар желкенді қайықтың сыртқы бейнесін толықтай дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: көлік түрлері, суда жүзетін көлік түрлері туралы түсініктерінің болуы
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып, қайықты құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	теледидар, үлгі, суреттер
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** «Сәлемдесу» Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін. Жерге әрдайым нұр құйсын.
1.1.	**Экранның қосылуы.** -Балалар, экранға назар аударыңдаршы. -Нені көріп тұрсыңдар? (**слайд 1)** -Иә балалар дұрыс айтасыңдар, ғажайып аралды. Балалар, саяхаттап аралға барып қайтайық. Ғажайып арал теңіздің ортасында тұр екен. -Сондықтан оған жету үшін бізге су көлігі керек.
1.2.	**Дидактикалық ойы(« Су көлік түрлерін ата»** Ойынның шарты: Балаларға бірнеше көліктің суреттері бейнеленген

	слайдтар көрсетіледі. Балалар сол көрсетілген суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді.
1.3.	-Ендеше сендермен LEGO – конструкторынан желкенді қайық құрастырып алып аралға барып қайтайық.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Балалар, олай болса мынандай желкенді қайыққа назар аударып қарайықшы. Қайықтың – корпусы- негізгі бөлігі, штурвалы және желкені болады. Қайықты құрастыруға 5 түсті (көк,жасыл,ақ,сары,қызыл) бөлшектер алынған және де бір қатарлы, әр-түрлі тетікті (бір, екі, үш, төрт, бес) бөлшектер қолданылған. Қайықтың корпусы 4 қатардан тұрады, және де олар жоғарыдан төменге қарай 1 қатардан көбейіп отырады. -Балалар, олай болса мынандай желкенді қайыққа назар аударып қарайықшы. Қайықтың – корпусы- негізгі бөлігі, штурвалы және желкені болады. Қайықты құрастыруға 5 түсті (көк, жасыл, ақ, сары, қызыл) бөлшектер алынған және де бір қатарлы, әр-түрлі тетікті (бір, екі, үш, төрт, бес) бөлшектер қолданылған. Қайықтың корпусы 4 қатардан тұрады, және де олар жоғарыдан төменге қарай 1 қатардан көбейіп отырады.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар , ең алдымен қайықтың корпусын (суда жүзетін бөлігі) құрастырамыз, 4 тетікті 2 бөлшекті бір- біріне қатарластырып үстелдің үстіне орналастырып аламыз. Қайықтың алдыңғы бөлігі сүйір, үшкір болып келетіндіктен оған үшбұрышты пайдаланамыз; Оның үстіне алдымен 1 тетікті 2 бөлшекті ортасына қойып, екі жағыны дәл солай 3 тетікті 2 бөлшекті қоямыз. Енді 4 тетікті 2 бөлшек және 2 тетікті 1 бөлшекті 2 қатар қылып қосамыз. Шетіне 2 тетікті 2 бөлшекті біріктіреміз. Ортасына өсу ретімен 2 қатар 2 жен 5 –ке дейін бөлшектерді қосып, 5- тен 2 –ге дейін кему ретімен қойып шығамыз.Ең соңында 1 және2 тетікті қызыл бөлшекті қосамыз. Бөлшектердің түстерін өз қалауларың бойынша өзгертулеріңе болады.
2.2.	**Сергіту сәті** Жібердім суға Желкенді қайық. Самал жел соқса. Жүзеді суда, Толқынды қуып. Желкенін жайып, Желкенді қайық. /Екі қолды көтеру, ырғау,толқынды келтіру/
2.3.	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, желкенді қайық құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
2.5	**Қозғалмалы ойын** «Теңіз тербеледі»
3. Қорытынды.	**Балалар өз қайықтарын көк түсті матаның үстіне орналастырады.** Міне,қайық, Болды дайын. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Аралға барып, аралап, Саяхаттап қайтамын.

№ 4 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Пирамида»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерінен пирамида құрастыруды үйрету, пирамида туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету.

	Ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тарбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Пирамида- пирамида- pyramid, түрлі- түсті- разноцветный- multicolored
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар пирамида құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Сиқырлы- қорап, теледидар, ½ ақ бет (карточкалар) түрлі- түсті қарындаштар
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Өлең айтып, ән салдым, Асыр салып, қуандым. Бақшада біз жүреміз, Ойнаймыз да, күлеміз. Досымызбен шаттанып! Достығымызбен мақтанып! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Күтпеген сәт.** Топқа тәрбиеші қорап әкеледі. -Балалар қызығушылық танытады.
1.2.	**Жұмбақ – ойын «Сиқырлы қорап»** Шарты: қорапта конструктордың әр- түрлі бөлшектері. Әр бала бір бөлшекті алып шығып, оның түстін, пішінін, көлемін атауы керек.
1.3.	- Балалар- бүгін сендермен осындай Египед- пирамидасын LEGO- констукторынан құрап үйренеміз.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына пирамидаға (пирамида- pyramid) назар салып қарайық. -Пирамида қалай құрастырылған? -Ол неше бөліктен тұрады? -Түстері қандай? -Қалай орналастырылған? - Иә, балалар пирамида төменнен жоғарыға қарай өсу ретімен құрастырылған. Ең төменгі жағы- пирамиданың негізгі бөлігі , табаны –деп аталады, төрт бұрышты болып келеді, жоғарлай келе пирамида басқыш тәрізді көтеріліп, көп сатылы құрылыс түрінде тұрғызылады, ұшар басы сүйірленіп бітеді. Барлығы 4 қатар. -Бізге қандай түсті констуктор бөлшектері керек? -Балалар жауаптыры (түрлі- түсті- разноцветный- multicolored)
2.1	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 8 тетікті констуктор бөлшегінің (7 дана) үстелдің үстіне – төрт бұрышты келтіріп қойын аламыз – бұл бірінші қатар. Енді олардың үстіне екінші қатар 8 тетікті (4 дана) бөлшекті тура ортасына орнатамыз. Әрі- қарай 4 тетікті (4 дана) бөлшекті орнатамыз. Ең басына 4 тетікті (1 дана) бөлшекті орнатамыз. Міне пирамидамыз дайын.

2.2.	**Сергіту сәті.** Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермеңдер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Дидактикалық ойын « Мұқият бол»** **Мақсаты**: ғимараттарды салыстыру арқылы талдай білуді дамыту. Керегі: әр- түрлі пішіндерден құралған 3 ғимараттың ішінен тек аталған пішіндерден тұратынын ғана бояп шығу.
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Видео –фильм .** Балалармен бірге Египет пирамидалары туралы видео – фильм тамашалау.

№ 5 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Көпір»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшекетерінен көпір құрастыруды үйрету, көпір туралы түсінік беру. Балаларды ұқыптылыққа, әдемі және көркем құрастыруға тәрбиелеу,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.
Сөздік жұмыс.	Көпір- мост- bridge, өзен-река- river
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар көпір құрылысын, атқаратын қызметін айта білу мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Легоша ойыншық - адам, теледидар, қиылған суреттер топтамасы
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Қол алысып, қане, біз Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Күтпеген сәт.** -Топқа **Легоша**- ойыншық адамның қонаққа келуі. Балалар Легоша- LEGO-әлемінен келді.Ол әр-түрлі заттарды құрастырғанды, ойнағанды өте жақсы көреді.
1.2.	**Тақырыпты ашу:** -Балалар Легоша- бізден көмек сұрап келген екен. Ол LEGO-әлеміндегі өзеннің бір жағасынан екінші жағасына өту үшін жаяу жүргіншілер көпірін құрастырып берулеріңді сұрайды.

	Көмектесеміз бе? -Балалардың жауаптары тыңдалады.
1.3.	**Теледидар.** -Олай болса балалар мына бейне- роликті тамашалап алайық**. /слайд/** -**Көпір** — өзенді басып өтуге арналған өткелдік құрылыс. Олар автомобиль жол көпірі, темір жол көпірі, жүргіншілер көпірі болып бөлінеді.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына көпірге (мост- bridge) назар салып қарайық. Көпірдің екі жағалауға орнатылатын тіректері және көпір өткелі бар. Қөпір өткеліне шығу үшін екі жағында баспалдақтары бар.
2.1.	**Көзге арналған гимнастика"Бөлшектерді тексер".** - Балалар қараңдаршы, үстелдің үстінде қажетті заттар бар (мен көпірге арналған бөлшектері бар контейнерлерді таратамын). Мұқият қарап, айтыңдаршы, барлық бөлшектер бірдей ме? Дұрыс айтасыңдар, балалар, бөлшектер әртүрлі. -Олар қалай ерекшеленеді? -Балалар жауаптары тыңдалады(түстері, көлемдері әр түрлі). -Олай болса көлемі бойынша екі түрлі бөлікті тап, ал енді екеуі бірдей бөлшекті көрсет (әрі қарай жалғастырады)
2.2.	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 2 тетікті констуктор бөлшегінің (8 дана) 2-ден біріктіріп бір – бірінен алшақ қылып үстелдің үстіне –қойып аламыз. Олардың үстіне екінші қатар 8 тетікті (2 дана) бөлшекті көлбеу орнатамыз-бұл көпірдің тіректері. Әрі- қарай 8 тетікті (12 дана) бөлшекті ұзынынан 2- қатар етіп қосып шығамыз және де көпір мықты болу үшін ортасын 8 тетікті бөлшекпен бекітеміз- бұл көпірдің өткелі . Әрі- қарай көпір өткеліне шығу үшін екі жағына баспалдақтар құрастырамыз. Ол үшін 4 тетікті (4 дана) бөлшекті 2 қатардағы тетігіне қосу арқылы баспалдақ жасап орнатамыз. Міне – көпір дайын болды.
2.2.	**Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз дем алып алайық. (Балалар отырып, тұрып қимыл жасайды)
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Дидактикалық ойын «Суреттерді дұрыс құрастыр»** **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. -Балалардың алдына әр- түрлі заттардың қиылған суреттері беріледі. Балалар бөлшектерге қарап тұтас бір суретті құрастырып шығулары керек
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Ойын.** Легоша бізді ойнауға шақырады.

№ 6 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Қақпа»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшекетерінен қақпа құрастыруды үйрету, қақпа туралы түсінік беру. Балаларды ұқыптылыққа, әдемі және көркем құрастыруға тәрбиелеу,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.
Сөздік жұмыс.	Қақпа- ворота-gates, биік- высокий-high

Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар қақпа құрылысын, атқаратын қызметін айта білу мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Салфетка қағазы (доп жасау үшін), суреттер топтамасы (қақпа)
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Ойнасын, мейлі ойнасын, Ойынға ешбір тоймасын. Алаңсыз болып ай-күнің Жақсылық бүгін тойлансын! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Күтпеген сәт.** -Балалар бүгін біз сендермен – футбол ойыны туралы әңгімелесетін боламыз. -Футбол ойыны туралы не білесіңдер? (Балалар жауаптары тыңдалады).
1.2.	**Тақырыпты ашу:** **Футбол** —спорттың командалық ойын түрі. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына көбірек доп салу.Ол үшін тегіс алаң, доп жәнеде қақпа қажет. Мен сендерге бүгін футбол ойынын ұсынайын деп отырмын.
1.3.	**Суреттер топтамасымен жұмыс.** -Олай болса балалар мына суреттерге назар аударыңдаршы. -Суретте не бейнеленген? (қақпа) -Олар неден жасалған?(конструктор бөлшектерінен) -Қақпаның екі жағын қалай атаймыз? -Үстінгі бөлігінде не бар? -Қанша бөлшек қолданылған? Балалардың жауаптары тыңдалады. -Балалар, олай болса, сендерге қақпа құрастыруды үйретейін.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** - Мына мен құрастырған қақпаға (ворота-gates) назар салып қарайық. Қақпа- екі діңгектен (тіреуіш) және де жоғарғы жағында екі діңгектің ортасын қосып тұратын маңдайшадан (жоғарғы жақтауы) тұрады.
2.1	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 8 тетікті констуктор бөлшегінің (2дана) бір – бірінен алшақ қылып үстелдің үстіне түзулеп –қойып аламыз .Олардың үстіне екінші қатар 4 тетікті (8 дана) бөлшекті орнатамыз-бұл қақпаның діңгектері немесе тіреуіші. Әрі- қарай 10 тетікті (1 дана) бөлшекті ұзынынан 1- қатар етіп қосып шығамыз және де қақпа мықты болу үшін үстіне орта бөлігіне 4 тетікті (3 дана) бөлшекті қойып 4 тетікті (1 дана) жалпақ кірпішті үстінен киліктіреміз. Екі жақ шетіне асты 4 тетікті үсті 2 тетікті 1- жағы үш бұрышты болып келетін (2 дана) бөлшекті сыртқа қаратып орналастырамыз- бұл қақпаның маңдайшасы (жоғарғы жақтауы). Міне футбол ойнау үшін қақпамыз дайын болды. Енді мен көрсеткен үлгі бойынша қақпа құрастырып көріңдер.

2.2.	**Сергіту сәті.** Добым менің домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдіріп. Тарелкені сындырдың Тентек болып кеттің деп, Тұрмын сені тепкім кеп. (Балалар отырып, тұрып қимыл жасайды)
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Тыныс алу гимнастикасы «Әуе футболы»** -Ал енді балалар өздерің құрастырған қақпаларыңды сынап көріңдер. Әуе футболын ойнап көрейік. -Алдымен алдарыңдағы жұмсақ ақ қағазды (салфетка) умаждау арқылы доп жасап аламыз. Допты - үстелдің үстіне қақпадан алысырақ қойып үрлеу арқылы қақпаға ұрамыз, қақпаға үрлеу арқылы домалатамыз. Қане балалар кім көп гол соғатынын көрейік.
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	Қол ұстасып тұрайық. Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы. Сау-саламат болайық.

№ 7 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Пальма» (ағаш)**
Мақсаты	Балаларды LEGO конструкторынан ұжымдық композиция құруға үйрету (ағаштың діңі, тәжі); балалардың көркем шығармаға эмоционалды қатынасын қалыптастыру, қабілеттерін нақтылау. Бөлшектерін өзара қосу тәсілдерін бекіту. Сөздік қорын толықтыру,есту,қабылдау қабілетін дамыту. Балаларға конструкторлардың бөлшектерін ажырата білуге үйрету; ғимараттардың өлшемдерін ойыншықтардың өлшемдерімен байланыстыруға үйрету
Сөздік жұмыс.	Ағаш-дерево- wood,
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар пальма ағашы туралы айта білу мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Аудио (музыка) , теледидар, әр түрлі жапырақтар
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).

1.1.	**Музыка тыңдау.** - "Чунга-чанга"әнін қосамын. Балалар, осы өлеңнің музыкасы қандай? - (Көңілді) - Әнде қай ел туралы сөз болып жатыр деп ойлайсыңдар? -Егер сендер мұқият болсаңдар, онда біз кокос пен банан туралы естідік. Бұл жемістері бар пальмалар тек жылы елдерде, мұхитта өседі. - Сонымен кокос пен банан өсетін ағаштар қалай аталады? (Пальмалар.)
1.2.	-Олай болса балалар мына бейне- роликті тамашалап алайық. **(слайд)** -Пальма өте биік ағаш, тік өседі, діңі , сабағына орналасқан үлкен жапырақтары бар. Осындай пальма ағашын LEGO – конструкторынан құрастырнып көрейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру.** -Балалар, мына пальма –ағашына назар салып қарайық. Пальманы жасыл түсті төсемге орнатқан. Оның қоңыр түсті діңі, жасыл түсті жапырақтары бар.
2.1.	**Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат»** Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу. (қайың, үйеңкі,шырша, пальма) т.б
2.2.	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 8 тетікті жасыл түсті конструктор бөлшегін (2дана) біріктіріп қатар үстелдің үстіне қойып аламыз .Олардың үстіне 4 тетікті (4 дана) бөлшекті бірінің үстіне бірін кигізіп орнатамыз- бұл ағаштың діңі. Енді жапырақтарын құрастырамыз- 4 тетікті – бір жағы дөңес, бір жағы тік бұрышты болып келетін (10 дана) бөлшекті 1-2 қатарға 4 тен айқастыра орнатып, ең үстіне 2 бөлшекті тік бұрышын теңестіре, ортасына құрастырамыз. Міне – пальма ағашы дайын болды.
2.2.	**Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай бөбектер Үлкен болып өседі. (Балалар отырып, тұрып қимыл жасайды)
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Аз қозғалмалы ойын** "Ештеңе айтпа, тек қимылмен көрсетіңіз" (Жоғары, төмен, алыс, жақын, кең, тар, алдыңғы, артқы жуан, жіңшке, жылдам, баяу т б.)

№ 8 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Балапан»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерінен балапан құрастыруды үйрету, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету. Ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.
Сөздік жұмыс.	Балапан- цыпленок –chicken, сары- желтый- yellow, ұйрек балапаны- утенок - duck Chick
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар балапанды құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.

	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Құстар / суреттер топтамасы.
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Тақырыпты ашу.** Жем бергенде жем жейді, «Кел!»- дегенде келмейді. Балапаным сары үрпек, Әрі қорқақ,әрі үркек. Кря-кря-кря- деп дуласып, Жүзеді олар шуласып. -Балалар, мен қай құстың балапаны туралы тақпақ оқыдым? /Балалар жауаптары тыңдалады/.
1.2.	**Д/о «Адасқан құстар».** Әр топтағы құстарды дұрыс топтастыру Жабайы құстар ----- Үй құстары Бүркіт ---------- Әтеш Тауық ---------- Тырна Аққу ---------- Үйрек Қаз ---------- Шағала Тоқылдақ ---------- Түйетауық -Дұрыс балалар, мен сендерге үйректің балапанын құрастыруды көрсетейін. Үйректің балапанның дене құрылысын талдап алайық: денесі –сопақша, мойны-қысқа, басы-дөңгелек, тұмсығы-жалпақ, көзі-мөлдір қара, қанаты, құйрығы, екі аяғы бар.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына LEGO – конструкторынан құрастырылған ұйрек балапанына (утенок - duck Chick) назар салыңдар? - Балапанды қызыл, тоқсары және сары түсті бөлшектерден құрастырған. Барлығы 6 бөлшек қажет. Оның басы, көзі, тұмсығы, денесі, аяғы бар.
2.1	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 4 тетікті тоқсары түсті бір жақ бүйірі дөңес болып келетін констуктор бөлшегінің (1дана) үстелдің үстіне –қойып аламыз – бұл үйректің аяғы. Енді оның үстіне 8 тетікті екі жақ бүйірі дөңес болып келетін сары түсті (1 дана) бөлшекті тура ортасына орнатамыз. Әрі- қарай алдымен 4 тетікті екі жағы тік болып келетін (1 дана) бөлшекті орнатамыз, асты 6 тетікті үсті 4 тетікті бір жағы дөңес болып келетін бөлшекті біріктіріп орнатамыз- бұл үйректің денесі. Енді 8 тетікті (1 дана/қызыл түсті жалпақ бөлшекті алдыңғы жағына үйрйектің тұмсығын келтіріп 4 тетігін алдына шығарып(жылжытып) орналастырамыз. Басын 4 тетікті бір жағы тұтас дөңес болып келетін бөлшектен орнатамыз. Ал енді дайын жапсырманы (көз) басына жапсырамыз. Міне сүйкімді балапанымыз дайын.

2.2.	**Сергіту сәті. (саусақ жаттығуы)** Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады.
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Дидактикалық ойын « Ыстық - суық»** Мақсаты: балалармен констуктор бөлшектерінің атауын, түсін, пішінін бекіту.
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Ойын.** Күшік, мысық, балапан, Қуыршағым балақан. Кәне, бәрің тұрыңдар, Ойын сауық құрыңдар.

№ 9 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Ұшақ»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін берілген үлгі бойынша біріктіру арқылы ұшақ құрастыруды үйрету, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	Ұшақ-самолёт-plane, әуе көлігі- воздушный транспорт, air transport
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар ұшақтың құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Ойыншық- ұшақ, тақырыптық суреттер.
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** «Достық» Күн жылуын аямасын, Шуағы бізді аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын. (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Жұмбақ шешу** -Құс сияқты, құс емес, Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды, Жүрсе де сондай биікте. Ол не балалар? **Жауабы: Ұшақ-самолёт-plane** -Балалар, сендер жұмбақты дұрыс таптыңдар. - Ұшақ -әуе көліктерінің біріне жатады.Ұшақ адамдарды бір қаладан бір қалаға,бір елден екінші елге тез қатынау үшін қажет.Ұшақты жүргізетін

	адамның мамандығын балалар «Пилот» деп атайды. Қане олай болса, мына ойыншық ұшаққа қарап бөліктерін атап жіберіңдерші?
1.2.	**Ойыншық ұшақты көрсету.** Балалар ұшақ қандай бөліктерден тұрады? - Дұрыс, ұшақтың корпусы (фюзеляж) -көрсету, (қанаттары) көрсету, және құйрығы бар. - Ұшақтың корпусы қайда екенін көрсетіңдерші? - Ұшақтың қанаттары қайда екенін? - Ұшақтың құйрығы қайда? Балалар жауаптыры.
1.3.	**Дидактикалық ойын "Бөлшектерін ата".** -Балалар көліктің суретін таңдап, сол көліктің барлық бөліктерін атап беруі тиіс. Мысалы: Автомобиль (жеңіл көлік) – дөңгелектер, шыны, руль, орындықтар, есіктер, педальдар, мотор, жүксалғыш, бензин багы, есік тұтқалары, аяқ астындағы кілемшелер, фаралар, сигнал және т.б. (бөлшектер)
1.4.	LEGO – констукторынан құрауды ұсынайын деп отырмын.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына мен құрастырған ұшаққа назар салып қарайық. - Ұшақтың корпусы (фюзеляж), қанаттары және құйрығы бар. Бізге қандай түсті констуктор бөлшектері керек? Балалар жауаптыры (қызыл, көк, ашық көк, күлгін,сары т.б) -Иә балалар, түрлі – түсті бөлшектер қолданылғандықтан, ол өте әдемі, көз тартымды болып шықты.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Ең алдымен 10 тетікті (2 дана) констуктор бөлшектерін үстелдің үстіне біреуін көлбеу екіншісін қиыстыра қойып аламыз.Енді 8, 12, 12 тетікті (1 данадан 3 тетігін алдыны жылжыта шығарып бір қатарға орналастырамыз – бұл ұшақтың корпусы. Қанатын жасау үшін - 12 тетікті бөлшекті (2 дана) ортаңғы екі жақ шетіне қиылысқа орнатамыз. Ұшақтың корпусымен қанаты бір деңгейде болады. Құйрығын- 8 тетікті (1 дана) бөлшекті үстіңгі бөлігінің соңына көлбеу қою арқылы шығарамыз. Міне ұшақ дайын.
2.2.	**Саусақ жаттығуы** «Ұшақ» Ақ бұлттардан асатын Аппақ ұшақ жасадым. Алыс жерге мен енді Жылдам ұшып барамын. *(Екі қолыңды жоғары көтеріп, аспандағы бұлтты жаса.)* *(Бір қолыңның саусақтарын түйістіріп жоғары көтер де, ұшаққа ұқсат)* **Балалар қимыл қозғалыста болады.**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	Қозғалмалы ойын **"Ұшақтар"** Балалар ұшу сигналы бойынша қолдарын созып, топ ішінде айнала ұшады. Балалар қону сигналы бойынша кілем үстіне қонады.

№ 10–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Үй»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерінен берілген үлгі бойынша біріктіру арқылы үй құрастыруды үйрету, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін

	дамыту.
Сөздік жұмыс.	Үй-дом-house,
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар үйдің құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Суреттер топтамасы
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі «Жақсы лебіз»** Біздің топтың ұл- қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып, тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Күтпеген сәт:** (Қонаққа « Үйшік» ертегісінің кейіпкері аю келеді). Балалар амандасады.
1.2.	-Балалар, қонағымыз көңілсіз екен. Не болғанын мен білетін сияқтымын. -Аю « Үйшік»ертегісінен келді. Естеріңде болса үйшікті аю сындырып алған еді. Енді әдемі үйшікті LEGO – конструкторынан құрап беруімізді сұрап келген екен.
1.3.	**Дидактикалық ойын** Үйлер неден жасалған? (суретпен жұмыс) (кірпіштен, тақтайлардан, бұтақтардан, тастардан, сабаннан және т.б.).
1.4	**Дидактикалық ойын « Үйдің бөлшектерін ата»** Үй – **дом**, іргетас – фундамент, қабырға- стена, терезе – окно, есік – дверь., шатыр –крыша
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына үйге назар салып қарайық. -Үй құрастыруды іргетастан бастайды, яғни төменнен жоғарыға қарай көтеріле береді. Іргетасы мықты болса - үйде мықты болады. Одан кейін қабырғаларын тік төртбұрышты пішіннен тұрғызады. Үйдің терезелерін арнайшы мөлдір пластик бөлшектен қабырғаның тура ортасына орнатқа. Шатыры үшбұрышты болып келеді. - Балалар, түрлі – түсті бөлшектер қолданылғандықтан, ол өте әдемі, көз тартымды болып шықты.
2.1	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 10 тетікті (1 дана) констуктор бөлшектерін үстелдің үстіне қойып аламыз- бұл үйдің іргетасы. .Енді 4 тетікті (10 дана) екі жағына арасыны алшақтатып 5 –тен 2 қатарға қарама-қарсы қойып аламыз. 6 тетікті бөшекті іргетастың ортасынын бастап 3 қатар қойып шығамыз жәнеде оның үстіне арнайы терезені орнатамыз. Терезенің жоғарғы жағына 4 тетікті 2 бөлшекті бірінің үстіне бірін кигізіп орнатамыз. 2 тетікті бір жағы үшбұрышты болып келетін бөлшектен (4 дана) алып екі жақ қабырға шетіне қаратып бұрыштап шатырын келтіре құрастырамыз. Міне үй дайын болды.
2.2.	**Саусақ жаттығуы «Үй»** Қазықтарды қағамын, Кірпіштерді қаладым. Салып алып үлкен үй, Сүйсініп көп қарадым.

	(Екі қолыңның саусақтарын түзу ұста да, бір-бірінің үстіне қойып, кірпіш қалағандай қимыл жаса) **Балалар қимыл қозғалыста болады.**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Үстел үсті ертегісі.** (ертегі кейіпкерлері) Үйшікте мына бір сәулетті Тұратын қай мықты әулеті? Мен– тышқан-шиқылдақ, Мен– қоян-желаяқ, Мен– түлкі-керіммін, Мен– қасқыр-серімін. Ал мен аю – атамын. Бәріміз тұратын көңілді, Тұрғыздық сәулетті бұл үйді!

№ 11 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Балық»**
Мақсаты	Балаларға LEGO –бөлшектерінен балық құрастыруды үйрету, олардың ерекшеліктері туралы түсінік беру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	Аквариум- аквариум –aquarium, балық-рыба- fish
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар балық денесінің құрылысын айту мен құрастыру әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: үлгімен толықтай жұмыс істей біледі.
Көрнекілік материалдар	Аквариум, доп
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Жұмбақ жасыру.** 1.Шаңқ – шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ, Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. - Бұл не балалар? Балалар жұмбақты тыңдайды, ойланады, жауап береді. **Бұл -балық-рыба- fish** 2.Мөлдір сулы. Тасты, құмды. Топта шыны бір зат бар. Үлкен –кіші,

	Түрлі- түсті, Жүзеді онда балықтар, -Ол не, балалар? **- Ол аквариум- аквариум –aquarium** **(Табиғат бұрышында тамашалау)** -Ендеше бүгін сендермен LEGO – конструкторының бөлшектерінен балық құрастыруды үйренеміз. Ал- LEGO –балыққа қорапшаларды аквариум ретінде қолданатын боламыз. -Ендеше балықтың құрылысын қарастырып алайық.
1.3.	**Дидактикалық ойын «Құрылысын ата »** Балық денесін негізгі үш бөлікке бөлуге болады – бас, денесі, және құйрық.Балықтың денесі сопақша пішінді,кішкентай көзі, аузы бар, желбезегімен демалады, жүзбеқанатымен жүзеді.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, балықты құрастыру үшін орташа көлемді бөлшектер қажет. Оның денесін төменнен ортасына дейін өсу ретімен, және ортасынан жоғары қарай кему ретімен құрастырған. Құйрығын саты тәрізді 2 бірдей бөлшек ретінде құрап денесінебіріктірген.. Бізге қандай түсті констуктор бөлшектері керек? Балалар жауаптыры (тоқсары, жасыл, көк, ашық көк, сары) Барлығы 31 бөлшек қажет.
2.1	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен 8 тетікті констуктор бөлшегін үстелдің үстіне қойып аламыз. Енді 8 және 4 тетіктібөлшекті қатарластырып, біріктіріп 8 тетікті бөлшектің тура ортасыфна жоғарғы жағына орнатамыз.Одан жоғары (2 дана) 8 тетікті, одан жоғары 8,4,10 тетікті бөлшекті 1 қатарын алдыға жылжыта балықтың ауызын келтіре біріктіріп шығамыз. Міне, біз балықтың денесін өсу ретімен құрап шықты. Барлық бөлшектер жалпақ. Әрі қара денесінің 2 жартысын дәл осылай тек кему ретімен құрастып шығамыз. 8 тетікті (2 дана) жіңішке бөлшекті қоямыз, 4 тектікті (4 дана) жалпақ бөлшекті оның үстіне орналастырамыз. Одан жоғары 4 тетікті (2 дана) , 8 тетікті (1 дана- жіңішке) 4 тетікті (1 дана) бөлшекті біріктіріп аламыз. Осылай біз балықтың денесін құрап алдық. Енді дайын жапсырмадан көзін жапсырамыз, 6 қатардың 1 бөлшегінің алдыңға жағына. Құйрығына (12 дана) 8 тетікті жіңішке бөлшек қажет. Оларды өсу және кему ретімен 2 тетігін жылжыта денесінің 4 қатырының соңына қосып шығамыз.
2.2.	**Сергіту сәті.** Өзенге біз барайық, Балық аулап алайық. Ұстап алған балықты, Аквариумға салайық. **Балалар қимыл қозғалыста болады.**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Сөздік ойын:«Керісінше ата»** Шарты: мен допты кімге берсем сол бала сөздің антонимін айтуы керек. Күн-түн, ашық-жабық,жоғары-төмен, жуан-жіңішке Балалар шеңберге тұрып, антоним сөздерді айтады.

№ 12 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Керік»**

Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін біріктіру арқылы керікті құрастыруды үйрету, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бөлшектер бір-бірімен қалай біріктірілетіне назар аудару. Үлгі бойынша жасату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	Керік-жираф- giraffe
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар керікті құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: жануарлар туралы, олардың мекені туралы біледі;
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып, керікті құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	теледидар, үлгі, суреттер
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Экранның қосылуы.** -Балалар зообаққа саяхат жасап видео тамашалап алайық (видео) -Видеодан қандай аңдарды көрдіңдер? -Зообақ не үшін керек? -Зообақта аңдарға қандай күтім керек екен? Балалар жауаптары тыңдалады.
1.2.	**Дидактикалық ойын «Зоологиялық фриздер»** Мақсаты: Жабайы аңдар, үй жануарлары, құстардың мекенін ететін ортасын еске түсіру.
1.3	-Ендеше сендермен LEGO – конструкторынан **керік-жираф- giraffe** құрастырып көрейік. Керік- әлемдегі ең биік жануар.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Балалар, олай болса мына мен құраған керікке назар аударып қарайықшы. -Керіктің қандай бөліктері бар екенін қарастырайық. -Керіктің басы, ұзын мойыны, денесі, аяқтары бар. Басы мен денесін сары түсті бөлшектерден құрастырсақ, аяқтарын жасыл, қызыл, көк түсті бөлшектер қолдануға болады.Жалпақ –жіңішке кірпіштер, ұсақ бөлшектер қажет.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар , ең алдымен керіктің 4 аяғын құрастырамыз, ол үшін 4 тетікті (12 дана) бөлшекті алып, 3-тен біріктіріп, алдына 2 қатар, артына 2 қатар қосып аламыз. Енді денесіне кірісеміз- ол үшін бізе 16 тетікті (2 дана), 8 тетікті (2 дана) бөлшек қажет. Оларды 16+8 – ден қатарластырып бірінің –үстіне бірін қойып аламыз. Енді ұзын мойынын құрастырамыз. Ол үшін – 4 тетікті (6 дана) бөлшектерді төменен –жоғарыға қарай өсу ретімен қалап шығамызда, денесінің алдыңғы қатарына қосамыз. Басын- 2 тетікті, бір жағы дөңес болып келетін бөлшекті мойынын қосу арқылы шығарамыз. Бөлшектердің түстерін өз қалауларың бойынша өзгертулеріңе болады.
2.2.	**Сергіту сәті** Зообақтан балалар... Бір жануар көріпті Өзі сондай көрікті.

	Мойыны ұзын, Бойы биік, Үсті шұбар Өзі жүйрік. Африканың алыбы Бірден оны таныды. Керік- керік- керік – деп..... Бірден айтты Серікбек! (Екі қолды көтеру, аяқтың ұшымен тұру)
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, керікті құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
2.5	**Қозғалмалы ойын** «Кім жүйрік»
3. Қорытынды.	Өздері құрастырған керіктерін ат қою, оны жасыл алаңқайға орналастыру.

№ 13–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Шырша»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін біріктіру арқылы шыршы құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бөлшектер бір-бірімен қалай біріктірілетіне назар аудару. Үлгі бойынша жасату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	**Шырша- елка-Christmas tree, жасыл- зеленый- green**
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар шыршаны құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: шырша ағашы туралы түсініктерінің болуы
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып, шыршыны құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	Безендірілген үстел үсті шырша ағашы
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен, Амандасып алайық. Бір жадырап қалайық. -Сәлеметсізбе апай! -Сәлеметсіңдерме балалар! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Жұмбақ жасыру.** Шанамен зырғып желетін, Коньки, шаңғы тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалар жауаптары тыңдалады. (Қыс мезгілі) - Жарайсыңдар балалар, қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? (Күн суық болады, қар жауады, боран соғады) т.б - Балалар, біз сендермен қай мерекені тойлауға дайындалып жатырмыз?

	(Жаңа жыл мерекесі)
1.2.	**Күтпеген сәт.** (Мен топқа мерекеге арнайы безендірілген шыршаны әкелемін). -Балалар, Жаңа жыл мерекесінің ең басты символы- ол шырша- елка- Christmas tree.
1.3	**Дидактикалық ойын «Бөлшектерге бөліп ата»** -Шырша ағашы қандай бөлшектерден тұрады? - Шырша ағашының -тамыры, діңі, инелері, бұтақтары және ең биік жері (жоғарғы жағы) -тәж деп аталады. -Балалар Лего әлеміндегі досымыз –Легошаға да LEGO –конструкторынан шырша құрастырып берейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Балалар, мына шыршаға назар аударып қарайықшы. -Шыршаның – қоңыр түсті тамыры (діңі), инелерін жасыл түсті және де сары түсті тәжі бар. Шыршаның бөлшектерінің көлемі әр –түрлі. Шыршаның жоғарғы бұтақтары қысқа, төменгі бұтақтары ұзын болып келеді.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар , құрастыруды төменнен жоғарыға қарай бастаймыз. Ең алдымен шыршаны тамырын (діңін) - үстіңгі жағы 4 тетікті (1 дана) , екі жақ шеті дөңес және тегіс болып келетін бөлшекті түзу жағымен тетіктерін жоғары қарата үстелдің үстіне қойып аламыз. Шыршамыз мықты болуы үшін- 12 тетікті (1 дана) жалпақ бөлшекті тамырының (діңінің) тура ортасына біріктіп аламыз. Әрі қарай шыршаның бұтақтарына кірісеміз. Ол үшін 4 - тетікті бір қабырғасы түзу, бір жақ беті ойқыс болып келетін бөлшектерді (4 дана) бір –біріне түзу қабырғасын тірей ойқас жағын шетіне қарата құрастырып аламыз- бұл бірінші қатары. Екінші, үшініші қатарын дәл сондай тек көлемі кішілеу бөлшектен екі жаққа қарата құрастырып шығамыз. Тәжін 4 тетікті басы дөңес болып келетін бөлшектен тұрғызамыз. Міне, Легошамызға арналған шыршамыз дайын.
2.2.	**Сергіту сәті** Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей, Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. **(Екі қолды көтеру, аяқтың ұшымен тұру)**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, шырша құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Қозғалмалы ойын «Шырша шырақтары»** Шарты: «Шырша шырақтары жанды»дегенде қолдарыңды жоғары көтеріп тұрасыңдар. «Шырақтар өшті»дегенде қолдарыңды түсіріп отырасыңдар.

№ 14–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Піл»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін біріктіру арқылы піл құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бөлшектер бір бірімен қалай біріктірілетіне назар аудару. Үлгі бойынша жасату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс.	**Піл- слон- elephant, алып-гигант- giant**
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар пілді құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: піл – жануары туралы түсініктерінің болуы
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланыппілді құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	Теледидар.
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** «Жүректен жүрекке» шеңбері Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Бізде қарап тұрмайық, – Күнге қол бұлғайық! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	-Ертегімді бастайын, Қиялдап бір тастайын- демекші балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Балалардың жауабы тыңдалады . - Жарайсыңдар балалар, сендер көп ертегі біледі екенсіңдер.
1.2.	**Көркем сөз.** Оның басы жалпақ, Құлағы дәу қалпақ. Дәу болғанмен өзі Кіп кішкентай көзі. Ұзын оның тұмсығы, Бірақ қысқа құйрығы. Қаймықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан. -Балалар не туралы айтылған? -Дұрыс айтасыңдар **піл- слон- elephant** туралы. -Олай болса, "Пілдің баласы" туралы ертегіні тамашалап алайық -Экранға назар аударайық (Аудио ертегі арқылы ертегіні баяндау) -Балалар, піл қандай екен?
1.3	**Дидактикалық ойын «**Кім сипаттап береді?**»** -Пілдердің денесі , басы үлкен- алып жануар. Аяқтары күшті . Басында көзі, құлағы ауызы, және де ұзын тұмсығы бар. Олар Африканы мекен етеді. -Ендеше LEGO –конструкторынан піл құрастырып көрейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Балалар, мына пілге назар аударып қарайықшы. Пілді құрастыру үшін бізге бір қатардан тұратын ірі, тетіктері дөңгелене келетін конструктор бөлшектері қажет. Пілдің аяғын, денесін, ұзын тұмсығын – құрақ үшін жасыл, сары, көк, ақ түсті 1,2,3 қатарлы бөлшектер қолданылған.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар, ең алдымен пілдің аяғын құрастырып үстелдің үстіне қойып алу үшін 2 тетікті (6 дана) бөлшектерді 2 қатарға қойып аламыз. қойып аламыз. Енді денесін құрастырамыз. 2,4,1 – тетікті бөлшектерді бірінен- соң бірін ұзынынан аяқтарының үстіне біріктіреміз. 3 тетікті (3 дана) бөлшекті көлбеу орнатамыз. Ол пілдің мойыны. 2 тетікті (2 дана) бөлшектен арқасын жәнеде 3 тетікті бөшеті құйрық жағына көлбеу қойып ұстіне 1 – тетікті бөлшекті қосамыз. Пілдің- басын құрастыру үшін- алдымен ұзын тұмсығын

	құрап аламыз, 2 тетікті бөлшекті алып, оның 1 тетігіне (2 дана) 1 тетікті бөшшекті бірінің –үстіне бірін біріктіреміз. Енді– 3 тетікті 2 бөлшектің ортасына 1 тетікті (3 дана) бөлшекті қосып басын құрастырамыз, да көзін көк түсті бөлшектен құрасақ өте - сүйкімді піл дайын болады.
2.2.	**Саусақ жаттығуы. «Піл».** Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар,ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, пілді құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**«Жүректен - жүрекке»** Балдай тәтті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойынменен өседі, Ойымыз бен санамыз. Қол ұстасақ бәріміз, Жарасады сәніміз. Көріскенше күн жақсы, Сау болыңыз бәріңіз!

№ 15–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Аққала»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерін біріктіру арқылы аққала құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бөлшектер бір-бірімен қалай біріктірілетіне назар аудару. Үлгі бойынша жасату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Сөздік жұмыс.	**Аққала- снеговик-snowman, қар-снег- snow**
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар аққаланы құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: аққала неден және қалай жасалатыны туралы түсініктерінің болуы
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып аққаланы құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	Теледидар
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** Мейірімділік жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен, Амандасып алайық. Бір жадырап қалайық, (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге қайталайды).
1.1.	**Көркем сөз оқу:** -Қар жауғанда топ бала Соқтық келіп аққала. Мұрны сәбіз үп – үшкір, Көзі көмір қап – қара.

	Көне шелек - басында, Сыпырғышы қолында, Мұз айдынды аршуға Келгендей - ақ ол мұнда. -Балалар өлеңде не туралы айтылған? -Балалар жауаптары тыңдалады. -Дұрыс айтасыңдар **аққала- снеговик-snowman** туралы. -Аққаланы неден жасайды? -Әрине қардан.
1.2.	**Дидактикалық ойын « Ол не?»** (Ыдысқа салынған қарды балаларға көрсету) -Мынау қар. Қардың түсі аппақ ұлпа сияқты. Қар жапалақтап жауады екен. Қар жауғанда жердің бәрі аппақ болады. Күн жылынғанда қар ериді. Еріген қар мұз болып қатады. Қар жұмсақ болады. Балалар өздерін ұстап көріңдерші. Балаларға жеке-жеке ұстап көрсету.
1.3	**Дидактикалық ойын «Сипаттап көрейік?»** -Аққала қардан домаланып жасалады. Негізгі үш бөлігін бірінің үстіне бірін қояды. Көзін тастан, мұрнын сәбізден, аузын ағаштан басына шелек кигізу арқылы жасайды Әр кім өз қалауы бойынша басқа да бөлшектермен толықтыра алады.. -Ендеше LEGO –конструкторынан аққала құрастырып көрейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Аққаланы құрастыру үшін бізге әр-түрлі бөлшектер қажет барлығы (27 дана). Ақ, қара, қызыл, тоқсары, қоңыр түсі бөлшектер өз-ара үйлесім тапқан.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар, ең алдымен аққаланың негізін – тірегінен бастаймыз. 8*4 тетікті жалпақ ақ түсті бөлшекті үстелдің үстіне қойып аламыз.4*2 тетікті көлемді бөлшекті тура ортасына қойып құрастырамыз. 4*2 тетікті (5 дана) 3 ақ түсті, 2 қара түсті бөлшекті алып, 3 көлбеу, 2 тура қойып аламыз. Оның шетіне 2 және 2*2 тетікті, 4*2 (2 дана) 2*4 (3 дана) бөлшектерді орнатып аққаланың денесін келтіре құрап аламыз. 8*2 тетікті қызыл түсті бөлшекті көлденеңнен қойып, мойын қабын келтіреміз. Басын- 4*2, 2*2, ,6*2,2*2 бөлшектерді 3 қатар етіп біріктіріп аламыз. Тоқсары түсті2*8 тетікті бөлшекеті 4 тетігін алдыға ығыстыра – мұрынын қосамыз. Қалпағын – 2*4 тетікті (2 дана) - жалпақ бөлшек, оның тура ортасына 2*4 (1 дана) , одан жоғары 2*4 – көлемді ашық қоңыр түсті түсті және 2*4 жалпақ қою қоңыр түсті бөлшектерден құраймыз. Міне LEGO – аққала дайын болды.
2.2.	**Саусақ жаттығуы.** «Аққала» Мынау тұрған аққала, Айнымайтын ақ бала. Мұрны сәбіз сорайған, Көзі көмір қап –қара. (Екі қолыңның саусақтарын жазып, аққаланы ауада бейнеле) (Екі саусағыңмен аққаланың сәбіздің жасалған мұрнын көрсет)
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, аққаланы құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Қозғалмалы ойын «Дәл көздеп, лақтыр»** Шарты: балалар екі қатарға тұрып, шелекке мақтадан жасалған қарды дәлдеп лақтырады.

№ 16–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Жиһаз»**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерінен жиһаз – түрлерін құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жиһаз жайлы білімдерін бекіту, жиһаздың түрлері мен пайдасы жайлы мағлұмат беру. Балаларды ұқыпты жұмыс жасай білуге баулу, адамгершілікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	**Жиһаз- мебель-furniture**
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар жиһаз құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: жиһаз неден және қалай жасалатыны туралы түсініктерінің болуы.
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып жиһазды құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	Теледидар, үй жиһаздарының суреттері.
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** **«Шаңырақ»** Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге қайталайды).
1.1.	**Күтпеген сәт:** топқа қуыршақтың келуі. Балалар қуыршақ назар аударады. - Балалар, бізге қонаққа кім келді? -Қуыршақ өзінің жаңа үйіне ерекше жиһаз - **мебель-furniture** таңдап жүр екен. - Қуыршаққа біздің көмегіміз қажет.
1.2.	**Дидактикалық ойын «Жиһаздарды ата»** Жиһаздар – ағаштан, пластиктен, темірден жасалады Мақсаты:жиһаздарды дұрыс атап, оларға сипаттама беру, қажеттілігін түсіндіру. Мысалы: орындық- ол отыру үшін қажет, пластиктен жасалаған, шкаф- ыдыс қою үшін қажет, ағаштан жасалған. т.б
1.3	-Балалар, ендеше қуыршаққа LEGO- конструкторынан үстел мен орындық құрастырып берейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** Үстел мен орындықты құрастыру үшін қызыл және көк түсті бөлшектер қажет. Үстелдің - беті (зат қоятын тегіс жері) және 4 аяғы бар, орындықтың отыратын жері, 4 аяғы, арқасы бар.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар, ең алдымен үстелді құраймыз.2*2 тетікті ірі бөлшектен (16 дана) алып, төрттен біріктіріп аяқтарын қойып аламыз.Үстелдің бетін - 6*8 тетікті жалпақ бөшекті аяқтарына біріктіреміз. Орындықты құрауды да төрт аяғынан бастаймыз. Ол үшін 1 тетікті (8 дана) бөлшекті екі ден құрап аяғын қойып аламыз, 2*3 тетікті 2 бөлшекті

	аяқтарының үстіне қойып отыратын жерін шығарып аламыз.2*4 тетікті бөлшектің үшеуін біріктіру арқылы орындықтың арқасын құрап біріктіреміз. Міне, LEGO – жиһаз дайын болды.
2.2.	**Саусақ жаттығуы. «Он саусақ»** Жалғыз саусақ тіпті де, *(сұқ саусақты ашып жұмамыз)* Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, *(бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)* Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, *(бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып қимыл жасаймыз)* Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, *(он саусақты көрсетеміз)* Қала салсақ, жол салсақ! *(қолымызды алдыға қарай созамыз)*
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, жиһаз құрастырады.
2.4	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	Ойын. Қуыршаққа өздері құрастырған жиһаздарын сыйлап ойын ұйымдастыру.

№ 17–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Ит »**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшектерінен үй жануары- итті құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балаларды ұқыпты жұмыс жасай білуге баулу, адамгершілікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	**Ит- собака- dog , дос-друг – friend**
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** балалар ит құрастыру тәсілдерін дұрыс айту мен жасалу әдісін білу керек.
	Қалыптасқан әдет: бөлшектерді дұрыс бекіту, тұтас бір зат құрастыру туралы түсініктерінің болуы
	Істей біледі:конструкторларды пайдаланып ит құрастыру қолынан келуі.
Көрнекілік материалдар	Теледидар
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі.** **«Жүректен жүрекке»** (Балалар шеңберге тұрады) Күнде бірге жүреміз, Бірге ойнап күлеміз. Бірімізге –біріміз, Көмектесіп жүреміз. Балалар іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге қайталайды).
1.1.	**Тақырыпты ашу.** -Балалар сендердің достарың бар ма? - Достық деген не, қалай түсінесіңдер? **Балалар жауаптары тыңдалады.** - Әрине балалар, достарсыз біздің өміріміз қызықты болмас еді, бізде ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге, құпияларды айтуға, түрлі қызықты әңгімелер ойлап табуға ешкім болмайды.

1.2.	**Көркем сөз.** Әрқашан дос біргеміз, Ажырамас іргеміз. Ілгері жүріңдер, Достық жырын біліңдер. Ту қып ұстап бірлікті, Еңбекті сүйіңдер. -Балалар , расында адам мен адам ғана дос бола ма? Тағы нені адамның досы деп атайды? Ит-адамның ең адал досы. Ол өз иесіне адал болады. Ол адамның үйін қорғайды.
1.3	**Д/о «Кім көп біледі?» (слайд)** **Шарты :** балалар өздері білетін үй жануары иттің түрлерін атайды. (такса, пудель, төбет, овчарка) -Балалар, ендеше LEGO- конструкторынан ит құрастырып берейік.
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Олай болса мына үлгіге назар аударыңдаршы. Оның негізгі қандай бөлшектері бар екен? Конструктордың қандай бөлшектері қолданылған? Басы мен құлағы 8 және 4 тетікті бөлшектен, мойыны 4 тетікті (2 дана) бөлшектен тұрады. Денесі 8 тетікті, құйрығы 2 тетікті (1 дана) бөлшектен тұрады. Аяғы 2 тетікті (8 дана) ,3тетікті (4 дана) бөлшектен құралған. Қызыл ,сары, көк, тоқсары түсті бөлшектер өзара үйлесім тапқан.
2.1	**Үлгімен жұмыс.** Балалар, ең алдымен иттің аяғын құрастырамыз. Ол үшін 3 тетікті (4 дана) бөлшекті 2 -ден қатарға қойып аламыз да оның үстіне 4 – тен айқастыра 2 қатар тұғыр құрап аламыз. Енді одан жоғары 4 тетікті (2 дана) бөлшекті 2 тетігін алдыға жылжыта қойып мойынын келтіре, 8 тетікті (1 дана) бөлшекті ортасына қойып денесін құраймыз, оған 2 тетікті бөлшекті қосып құйрығын келтіріп аламыз. Мойынына басын қосамыз, ол үшін 8 тетікті бөлшекке 4 тетікті бөлшекті құлағын келтіре 4 тетігін бос қалтыра біріктіріп аламыз. Міне LEGO – ит дайын болды.
2.2.	**Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. **(Балалардың іс қимылдары)**
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Балалар тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай отырып конструкторлармен жұмыс жасап, ит құрастырады.
2.4	**Дидакикалық ойын « Кім қайда тұрады?»** Ит- үйшікте Сиыр- қорада Тышқан-інде Торғай- ұяда
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**Озғалмалы ойын « Күшік пен мысық»** Күшігім менің ақтабан, Бекер қарап жатпаған. Мысық көрсе ауладан, Аулаққа қуып тастаған.

№ 18 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**Машина (жеңіл көлік)**
Мақсаты	Балаларға LEGO – конструкторының бөлшекетерінен машина құрастыруды үйрету.Ойлау қабілеттерін арттыру. Балаларды ұқыптылыққа, әдемі және көркем құрастыруға тәрбиелеу,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.
Сөздік жұмыс.	Машина (жеңіл көлік / легковой автомобиль- Car / light transport)
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** машина құрастыруға арналған конструктор бөлшектерінің аттарының атауын
	Қалыптасқан әдет: балаларда құрылыс материалымен жұмыс жасау қалыптасқан.
	Істей біледі: әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен орналастыруын, өз қалауы бойынша өзгерту
Көрнекілік материалдар	Легоша ойыншық - адам, теледидар, суреттер
Үлестірмелі материалдар	LEGO – конструкторы
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезеңі** Біз қандаймыз,қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз! (Балалар шеңберге тұрып, іс- қимыл келтіре отырып тәрбиешімен бірге амандасып алады).
1.1.	**Күтпеген сәт:** Видео-хат. (Легоша) «Сәлеметсіңдер ме балалар, мен Легоша –(/LEGO-әлемінің тұрғыны) саяхатқа шықсам деп едім. Бірақ мен қандай көліктің түрін таңдайтынымды білмей отырмын. Сендер маған көмектесесіңдер ме?»
1.2.	**Тақырыпты ашу:** -Балалар, Легоша бізден көмек сұрап отыр. Көмектесеміз бе? -Сендер саяхаттың не екенін білесіңдер ме? -Балалардың жауаптары тыңдалады.
1.3.	**Сөздік ойын: «Көлікті ата»** (экранда көлік түрлерінің суреті шығады). - Жолмен жүретін көлік түрін қалай атайды? – Жол көлігі. - Қандай жол көліктерін білесіңдер?- (автобус, троллейбус, трактор, мотоцикл и т. д.) - Темір жолмен жүретін көліктерді қалай атайды? – Темір жол көлігі. -Сумен жүретін көлік түрін қалай атайды? – Су көлігі. (кеме, қайық, катер, пароход, т.б.) - Әуе көліктерін кім атайды? (ұшақ, тікұшақ, ракета/ -Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, көліктер адамдарға не үшін керек? - Балалар жауаптары тыңдалады. -Алыс жерлерге жылдам жету үшін, жүк тасымалдау үшін, саяхаттау үшін қажет. -Қалай ойлайсыңдар, осы көлік түрлерін кімдер құрастырып, жасап шығады? (инженерлер, токарьлар, ғалымдар) Балалар бұл маман иелері зауыттарда жұмыс жасайды. -Ал сендерде транспорт (машина) құрастырып көргілерің келе ме?
2 .Негізгі бөлім	**Үлгіні қарастыру** -Балалар, олай болса мына Машина (жеңіл көлік - легковой автомобиль,

	Car light transport) салып қарайық. Машинаның 4 дөңгелегі, кузовы бар.
2.1.	**Д/о «Ойыншықтарды ата»** Ойын барысында: машина, доп т.б. ойыншықтар. Балалар әрбір ойыншыққа сипаттама береді. Суреттерді тақтаға іліп, айырмашылығын сұрау.
2.2.	**Үлгімен жұмыс** . Ең алдымен дөңгелектен бастаймыз .Ол үшін 4 дана дайын бөлшекті алып, оның үстіне дөңес болып келетін кузовты орнатып аламыз. Екінші қатар 6 тетікті (2 дана) бөлшекті орнатамыз. Әрі- қарай алдынан 4 тетікті бос қалдырып, 2 тетікті алдыңғы бүйірі дөңес болып келген арнайы жүргізуші суреті жапсырылған бөлшекті орнатамыз. Тағы 4 тетікті бөлшекті соңына біріктіреміз.
2.2.	**Сергіту сәті.** Ойыншық машина, Тарт алға асыға. Сенімен тасимын, Көмір мен тасымды. Құр босқа тұрмаймын Жолменен зулаймын. /Балалар руль ұстап тұрғандай қимыл жасайды/
2.3	**Балалардың өздік жұмыстары.** Құрастыруға қиналған балаларға жекеше көмек көрсетемін.
2.4	**Дидактикалық ойын** «Суреттерді дұрыс құрастыр» **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. -Балалардың алдына көлік –түрлерінің қиылған суреттері беріледі. Балалар бөлшектерге қарап тұтас бір суретті құрастырып шығулары керек
2.5	**Көрме ұйымдастыру.**
3. Қорытынды.	**«Бағдаршам» ойыны:** Мақсаты: тәрбиеші үш түсті дөңгелектерді қызыл, жасыл, сары бағдаршам түстерін кезек-кезек көтеріп көрсетеді. Балалар орындарынан тұрып, қызыл жанғанда қимылдамай тұрады, жасыл жанғанда орындарында жүреді, сары жанғанда қолдарын қозғалтып, дайындық жасайды.

Қосымша

Құрастыру үлгілері

1	Мұнара	
2	Гүл	

		
3	Қайық	
4	Пирамида	
5	Көпір	
6	Қақпа	
7	Пальма (ағаш)	

8	Балапан	
9	Ұшақ	
10	Үй	
11	Балық	
12	Керік (Жираф)	

13	Шырша	
14	Піл	
15	Аққала	
16	Жиһаз	
17	Ит	
18	Машина (жеңіл көлік)	

№ 1 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Көнілді күшік»
Мақсаты	Оригами техникасын өолдана отырып, қағаздан иттің сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Ит- собака- dog
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру дидактикалық ойын,
1. Көрнекілік материалдар	Жұмысақ ойыншық- ит, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, ақ қағаз шаршы , иттің үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісін ақ қағаз , өлшемі 10*10
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** -Арайлап таң атты , -Алттын сәуле таратты. -Жарқырайды қаламыз , -Жайнай түссін даламыз . -Қайырлы таң қонақтар, -Қайылы таң достарым.
1.3	**Жұмбақ:** **Адамға серік,** **Күзетке берік** **(Ит)** **Ғажайып сәт:** Иттің қонаққа келуі
2. Негізгі бөлім	Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу.
2.1	**Итің үлгісін назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.Ақ қағазды 10*10 размерінде дайындап аламыз 2. Дәл ортасынан диагоналды түрде бүктейміз 3.Бүктеген қағазымыздың дәл ортасын табамыз 4.Екі жақ шетінен бүктеу иттің құлағын шығарамыз 5. Қағаздың аяқ жақ бөлігін жоғары қайырып иттін ауызын бүктеу арқылы қайырамыз.
2.3	**Сергіту сәті:**

	Итім, менің үріп тұр - аф, аф, Бір нәрсені сезіп тұр - аф - аф. Есікті ашып қарасам, Атам, әжем келіп тұр!
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрмеге қояды

№ 2 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Құстар біздің досымыз»
Мақсаты	Қағаз бүктеу оригами туралы түсінік беру, балаларға құстың жасалу жолдарымен таныстыру,дайындалған бұйымдарды көрсету, қағаздың бүктеу тәсілдерін үйрету, бүктеу барысында икемділігін, шеберлігін дамыту.Эстетикалық талғаммен ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	оригами
Әдіс-тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар
Көрнекілік материалдар	қайшы, желім, ақ қағаз А-4, қарындаш
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Жаздағы құстардан Ақ желек жамылып, Көк моншақ тағынып, Ұйықтайды қысқы орман Көктемді сағынып, Аюы,қояны Ұйқыға тояды, Жел тұрса қысқы орман, Сілкініп қояды.
1.3	-Балалар қараңдаршы бізге жұмбақ хат келіпті.Ашып оқып көрейік. Жұмбақ Тал басында ағаш үй Соны мекен етеді. Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайтын, Кім біледі ..... (торғайды) -Дұрыс жауабы торғай екен. Балалардың назарын суретке аудару Сурет бойынша құстарды әңгімелеп береді.
2. Негізгі бөлім	**Дидактикалық ойын: Лото «Қандай құс?»** **Мақсаты:**Балалардың құстар туралы білімдерін молайту.Сөздік қорларын дамыту
2.1	-Олай болса бүгінгі оқу іс-әрекетімізде қағаздарды бүктеу арқылы, торғайды оригами техникасында жасаймыз. Қағаздарды бүктеу арқылы жасалған бұйымдар оригами деп атайды. Бұл өнердің өзіндік тарихы бар.

2.2	
2.3	Сергіту сәті «Торғай» Торғай торғай торғайым, Кел сенімен ойнайын! Төсеуінде ұяның, Ұлпақ мамық жиямын, Ұям жайсыз болмасын, Балапаным тоңбасын
3. Қорытынды	-Балалар бүгін біз не жасадық? -Сендерге ұнады ма? Сау болыңыздар!

№ 3 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Жұлдызша»
Мақсаты	Балалардың жұлдыз туралы білімдерін толықтыра отырып, көркемдік-шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын және практикалық дағдыларын дамыту. Эстетикалық талғаммен ұқыптылыққа,құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін және санитарлық гигиена ережелерін сақтауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	оригами
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар
1. Көрнекілік материалдар	Жұлдыз суреті АКТ, үлгі, қызыл,сары парақтар, жұлдыздың үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға қызыл,сары парақтар беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Жұлдыз болып жанайық, Судай таза көңілмен Бүгінгі күнімізді бастайық.
1.3	Жұлдыздар туралы шағын видео ролик көрсету.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелеу** Балалар жұлдыздар туралы өз ойларын айтады.

2.1	**Жұлдыздың жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1. Қағаз парағын жартысына бүктейміз. 2. Алынған тіктөртбұрыштың жоғарғы сол жақ бұрышы парақтың төменгі жиегінің ортасына ақырын бүгіледі. 3. Содан кейін төменгі сол жақ бұрыш бұрын алынған сызық бойымен бүгіліп, бүгіледі (суретті қараңыз). 4. Ақырын жоғарғы (ол бір шығады) бұрыш түбіне бүгіледі. 5. Бұл өте күрделі фигура. Артықты кесіп тастау керек (суретті қараңыз). Есіңізде болсын, кесу бұрышы неғұрлым өткір болса, жұлдызшадағы сәулелер соғұрлым жақсы болады. 6. Біздің жұлдызша осылай көрінеді. Оны көлемді ету үшін беттерді нақты бүгіңіз.
2.3	**Ойын:«Сиқырлы сандық»** **Мақсаты: :** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. **Ойын шарты:** Сандық ішіне салынған жұлдыздар бар. Әр жұлдызға берілетін тапсырмалар әр түрлі. Ол тапсырмалар конвертке салынады. Сандықты жұмбақты шешу арқылы ашады. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Жұлдыз) Сары жұлдыз алған бала: жұмбақ жасырады, шешкізеді. Қызыл жұлдыз алған бала: тақпақ, айтады.
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 4–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Көңілді балапандар»
Мақсаты	Оригами техникасын өолдана отырып, қағаздан балапанның сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	балапан- цыпленок- chick
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру дидактикалық ойын,
1. Көрнекілік материалдар	Жұмысақ ойыншық- балапан, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, ақ қағаз шаршы , балапанның үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісін, сары, тоқсары, 7*7өлшемді, қызыл,қара түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері**

	Армысың арайлы аспан! Армысың шуақты күн! Армысыңдар достарым! Армысыздар қонақтар!
1.3	**Жұмбақ:** Ақ сарайын талқандап, Шықты біреу талтаңдап. (Балапан)
	Саусақ қол жаттығулары «Балапан» Сары түсті балапан Өзін сондай ұнатам Қанаттарын қағады. Қауырсынын тарады. Шашсам болды бидайды Жылдам жинап алады.
2. Негізгі бөлім	Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу.
2.1	**Балапанның үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1Сары (тоқсары) түсті қағазды 7*7 размерінде дайындап аламыз 2. Дәл ортасынан диагоналды түрде бүктейміз 3. Бұрышын қайырамыз. Қара түсті қағаздан көзін және қызыл түсті қағаздан тұмсығын дайындап аламыз. 3.Сол жақ үстіңгі бұрышын біраз бүктейміз. (суретте көрсетілгендей етіп) 4.Бұрышын қайта қайырамыз.(суретте көрсетілгендей етіп) 5. Дәл ортасынан диоганал түрде бүктейміз. Тұмсығын шығарамыз. 6. Үлгідегідей етіп балапанның аяқтарын сызамыз. 7. Аяқтарын ішке қарай қайырамыз. Балапанның көзін, тұмсығын жабыстырамыз
2.3	**Сергіту сәті:** Балапандар басады, Аяқтарын топ топ Топ топ. Топ топ. Аяқтары шаршаса, Қанаттарын қағады: Шарт!, Шарт! Шарт! Шарт! Содан кейін отырып, Әсем биді билейді. Шиқ! Шиқ! Шиқ! Шиқ! Олар қашса, егер де, Ұстай алмас, ешкім де. Қаш!

2.4	**Дидактикалық ойын:** «Анасын тап» **Мақсаты:** Балаларға үй құстарымен олардың балапандарының суретін үлестіріп беру. Балалар анасын балапанымен жұптастырады.
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

№ 5–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Тоқылдақ»
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан тоқылдақтың сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	тоқылдақ- дятел- woodpecker
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру жұмбақ, дидактикалық ойын,
1. Көрнекілік материалдар	Тоқылдақтың суретті, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, шаршы үлгісінде қара түсті қағаз.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісінде қара түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Психологиялық сәт** Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз. Қайырлы таң ашық күн, Қайырлы таң достарым.
1.3	**Ғажайып сәт: Хат** Балалар біздің топқа хат келіпті. Ашып оқып көрейік. **Жұмбақ:** Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балға қып Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ)
2. Негізгі бөлім	Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу.
2.1	**Тоқылдақтың үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.Шаршы парағын дайындап, түсті жағын бетіне қаратамыз 2. Қағазды дәл ортасынан екіге бүктейміз. Қағаздың ақ жағын ішіне қаратамыз. Бүктеген қағазымыз үш бұрышты болуы керек. 3. Басқа екі бұрыштарында қосып шығамыз (суретте көрсетілгендей етіп) 4.Бүктелген қағазды ашамыз, төменгі жағын қайырамыз. 5.Бүктелген қағазымызды аударамыз, жоғарғы жартысын бүктелген бойы қайырып бүктейміз.

	6. Қағазды қайта аударамыз. 7.Қағаздың жоғарғы ақ жағын соға қарай қайыру, сол арқылы құстың тұмсығын келтіреміз. (үлгідегідей етіп) 8. Әрі қарай қағаз дайындаманың бірінші бөлігінің бұрышын ашамыз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 9.Дайын болған тоқылдақтың денесін екіге бүктейміз.Көздерін саламыз немесе желімдейміз.
2.3	**Сергіту сәті:** Қарлығаш боп ұшайық. Торғай болып қонайық. Сауысқан боп секіріп Тоқылдақ боп шоқиық Қане қанат жазайық Қарлығаш боп ұшайық Ұшып – ұшып алайық
2.4	**Дидактикалық ойын:** **Мақсаты:** Дала құстары мен үй құстарының суреттерін ажырата таба білу, есте сақтау қабіліеттерін байқау.
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

№ 6–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Алып жануар піл»
Мақсаты	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту ,тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, дұрыс айта білуге үйрету. Пілдің ерекшеліктерін айту.Жұмбақтар шешу арқылы ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру.
Сөздік жұмыс	оригами
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар
1. Көрнекілік материалдар	Пілдің суреті АКТ, үлгі, , пілдің оригами әдісімен жасалған үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға 10*10 ақ парақтар беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды Біз көңілді баламыз!. Біз сүйкімді баламыз Қайырлы күн! достарым Көздеріңді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар **Психологиялық жаттығу:** -Балалар қолдарынан ұстап, шаттық шеңбер құрып, тәрбиешінің соңынан қайталайды. -Балалар жайылып отырып, көздерін жұмып, ең жақсы сәттерін елестейді.
1.3	**Сұрақ-жауап:** -Балалар мен бүгін балабақшаға келе жатып,сандық тауып алдым.Ол сандықтың ішіне ормандағы жануарды сиқырлап салып қойыпты. -Ол қандай жануар екен?Білгілерің келеді ма? -Иа. -Ол үшін сиқырлы таяқшамыздың көмегі мен жұмбақтарымызды шешу арқылы

	білейік.
2. Негізгі бөлім	**Ғажайып сәт:** Піл туралы ертегіні теледидардан көрсету
2.1	**Пілдің жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** **1.**Қолөнер үшін бізге түсті қағаздың төртбұрышты парағы қажет-бір жақты немесе екі жақты-өлшемі 21х21 см. **2.** Енді шаршының екі жағын бүктеп, енінің 1/3 бөлігіне нүктелі сызық бойымен ішке қарай бүгу керек. **3.**Төртбұрышты екі жағынан ішіне қарай бүктеу. **4.** Үшбқрыш пайда болады. **5.**Үшбұрышты екінші жағына қарай бүктеуге дайындау. 6. Үшбұрышты екінші жағына қарай бүктеу. 7.Үшбұрыштың ортасын ашу 8.Пілдің басын дайындау. 9.Үшбұрыш етіп бүктеу 10.Екі жағын бүктеуге дайындау. 11. Төртбұрыштың екі жағын бүктеу 12.Құйрығын шығару 13.Дайын піл
2.3	**"Мекенін тап"** **Мақсаты: :** Балаларды тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. **Ойынның шарты:** тәрбиеші жеке аңдардың суреттерін балаларға таратып береді. Ал тақтада сол аңдардың үйлері бейнеленген плакат тұрады. Балалар аңдардың өзіне тиісті үйлерін тауып қояды.
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 7–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Пингвин»
Мақсаты	Балалардың пингин туралы білімдерін толықтыра отырып,оның тіршілігі жайлы айту.Оригами бүктеу әдісі арқылы пингвиндерді жасауға үйрету.Көркем безендіру арқылы ой-қиялын дамыту.Қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу
Сөздік жұмыс	оригами
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі.
1. Көрнекілік материалдар	АКТ, үлгі, пингвиннің оригами әдісімен жасалған үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға 10*10 екі түрлі парақтар беріледі (ақ,көк)
1.Кіріспе	

бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Достығымыз берік боп, Бекітейік беріп қол. Қуанышты шеңберге, Қандай жақсы қол берген!
1.3	**Ғажайып сәт:** Балаларға пингвиндер туралы мультфильм көрсету.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелеу:** (сурет бойынша) Пингвиндер, теңіз құстары, ұша алмайды. Олардың бірнеше болжам атаулары бар.Ақылға қонымды көрінетіні: *пингвис*, бұл латын тілінен аударғанда «жуан» деген мағынаны білдіреді.Олар Антарктида жағдайында өздерін жайлы сезінеді, олар басқа тіршілік иелері үшін ерекше, олар қатты аязға мән бермейді. **Сөздік жұмыс:** пингвин, суық жақтарда
2.1	**Пингвиннің жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1. Төртбұрышты парақты үшбұрыш етіп бүутеуге дайындаймыз 2. Үшбұрыш дайын 3. Үшбұрыштың төменгі жағын алдына қарай бүктейміз 4. Екі жағындағы үшбұрышты тіктөртбұрыш етіп артқа қарай бүктейміз. 5. Басындағы үщбұрышты артқа қарай бүктейміз. 6. Көздерін жасаймыз. 7. Пингвин дайын.
2.3	**Сергіту сәті:** Бойымызды тік ұстап, Жоғары-төмен қарайық. Кәне, сапты түзейік, тіземізді бүгейік, Ыршып алға түсейік. Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш (секіреді). Төрт, бес, алты, жеті, мынау-жолдың шеті.
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарды ретімен орналастырып, мадақтау

№ 8–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Жылан
Мақсаты	оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан жыланды құрастыруды үйрену.
Тапсырмалар	балалардың жыландардың құрылысы туралы білімдерін жүйелеу және тереңдету, ауызша нұсқауларды орындау қабілетін қалыптастыру
	дәл, ұқыпты бүктемелерді орындау арқылы қағаз жасау дағдыларын, қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтауын дамыту
	оригами техникасын пайдалана отырып, қағаз дизайнына қызығушылықтарын арттыру

Күтілетін нәтиже	*Білуі керек:* жыланның қандай бөліктерден тұратынын білу
	Түсініктері бар: жыландардың бір-бірінен ұзындығы бойынша
	Біледі: қағаздан жыланды құрастыру
Әдістер мен тәсілдер	ауызша (жұмбақ, әңгімелесу), көрнекі (үлгіні көрсету және тексеру), ойын (тосын сәт, саусақ гимнастикасы, сергіту сәті), практикалық (жұмысты орындау)
Көрнекілік материалдар	АКТ, жылан үшін жасыл немесе күлгін түсті шаршы, жылан - үлгі, қадамдық бүктеу схемасы
Үлестірмелік материалдар	әр балаға қағаз шаршы: жыланға жасыл немесе күлгін түсті қағаз төртбұрыштары (10*10), желім, қылқалам, майлық, майлықтар, қайшы
Сөздік-жұмыс, көптілділік	жылан– змея (snake),
1. Кіріспе бөлім	
1.1	Ұйымдастыру кезеңі
1.2	Шаттық шеңбер (балалар шеңберге тұрады) Сәлем Күн! (Қолды жоғары көтеру) Сәлем, Жер! (Бас үстіндегі қолдар үлкен шеңберді сипаттайды) Сәлем, Жер планетасы!(Олар кілемге бірқалыпты қолдарын түсіреді) Сәлем біздің үлкен отбасымыз! (Олар бастарының үстінде үлкен шеңберді суреттейді, барлық балалар қол ұстасып, жоғары көтереді)
1.3	Тосын сәт (ойыншық жыланның келуі) -Балалар, бұл не? (балалардың жауабы)
2. Негізгі бөлім	
2.1	**Көркем сөз** *(жұмбақ)* Шел басқан шыбық, Кетті құмға сіңіп *(Жылан)*
2.2	**Әңгімелесу** - Жұмбақ не жайлы айтылды? *(жылан-* змея -snake) -Жыланда нелері бар? *(басы,денесі,құйрығы)*
2.3	**Саусақ гимнастика «Жылан»** Асықпай жердің бетімен Кетті жылан еңбектеумен (Үстелдің үстіне саусақтарды алмай, қолдын қоспасын дірілдету)
2.4	**Үлгіні қарастыру:** -Жылан бөліктерін ата?*(басы, кронаденесі,құйрығы)* -Жыланның түсі қандай? *(жасыл)* -Неге? *(үйткені шөптердің арасында жүреді)*
2.5	**Үлгінің орындалу ретін түсіндіру:** 1.Шаршыны диагональ бойынша бүгеміз,қарама-қарсы бұрыштарды қосамыз .2 бүктеу сызықтарын саусақтарыңызбен басыңыз.3Төменгі бұрышын жоғары көтеріп жыланның басын келтіріңіз. 4.Қағаздың ортасынан бастап бүктемелеп төмен қарай бүктеп құйрығын келтіру . 
2.6	**Сергіту сәті: «Жылан»** Құс секілді ұшамыз, (балалар бірге қимыл-қозғалыстар жасайды)

	Көбелек боп қонамыз. Жылан болып жорғалап, Билеп-билеп аламыз
2.7.	**Дербес әрекет:** *Жұмыс басырысында қиналған балаларға жекелемек көмек көрсету*
3. Қорытынды	Жұмыстар көрмесі

№ 9–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақыры	«Түлкі»
Мақсаты	оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан түлкінің дизайнын жасауды үйрету
Тапсырмалар	алгоритм бойынша бұйымды орындай білуге жаттықтыру, балалардың қағаз парағын әртүрлі бағытта әр түрлі тәсілдермен бүктеу қабілетін қалыптастыру, оригами техникасын пайдалана отырып, қағаз фигураларды бүктеп салуға қызығушылықтарын ояту
	Қолдың ұсақ саусақ моторикасын,зейінін,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.
	Оригами қағазын жасауға қызығушылығын ояту,ұқыптылыққа,табандылыққа,нәтижені көруге құштарлыққа,еңбекке деген оң көзқарасқа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	*Білуі керек:* жабайы және үй жануарларын білу және ажырату
	*Түсініктері бар:*жабайы жануарларды оның ішінде түлкіні
	*Біледі:*қағаз парағын әртүрлі бағытта әр түрлі жолмен бүктейді
Әдістер мен тәсілдер	ауызша (жаңа материалды түсіндіру), оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін бекіту, әңгімелесу, ойын ойнау, репродуктивті және ішінара іздеу.
Көрнекілік материалдар	АКТ,жұмсақ ойыншық түлкі,қадамдық бүктеу схемасы,тоқсары қағаздың шаршысы,түлкі-үлгі.
Үлестірмелі материалдар	Әр балаға қағаз шаршысы: тоқсары цвета (10*10).
Сөздік-жұмыс, көптілділік	Түлкі -лиса (Fox)
1. Кіріспе бөлңм	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбер**: (балалар шеңберге тұрады) Сәлем алтын күн! (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сәлем көк аспан! (балалар қолдарын екі жаққа созады). Сәлем, достар! (қол ұстаңыз). Сізді көргеніме өте қуаныштымын! (қол алысу)
1.3	**Тосын сәт.** Түлкінің қонаққа келуі
2. Негізгі бөлім	**Жұмбақ:** Ыржаяды,күледі, Басқан ізді біледі. Таусылмайтын шабысы, Жұртқа мәлім жүрісі. (Түлкі)
2.2	**Әңгіме**: Қасқыр, түлкі, жыртқыш құс, ол бәрін алдай өте қу. Бірақ түлкіні қуып жету, ұстау оңай емес. Оның табандары кең және үлпілдек. Мысалы, қыста. Ол кейде шаңғы тебу сияқты жүгіреді. Қыста қар үйінділері көп, түлкіге ештеңе жетпейді, бірақ иттер оған жете алмайды.

2.3	**Саусақ гимнастикасы** «Түлкі» Түлкі орманда секіріп жүреді, (саусақтарды жұдырықпен қысыңыз, индексті және ортаны жоғары көтеріңіз) Секіру-секіру, секіру-секіру, (қолды жұдырықпен түймелеу, «түлкі» - кезектесіп қимылдар) Мен қасқыр түлкіден қорықтым (олар қолдарын жұдырықпен түйіп, кеуделеріне апарады) Және ол жүгіре бастады. (алақанды ашып, қолды алға созу)
2.4	**Үлгіні қарастыру**: - Қараңдаршы,түлкіде нелері бар? (құлағы,денесі,құйрығы) - Құлағы қандай? (ұзын)
	Үлгінің орындалу ретін түсіндіру: 1.Шаршыны диагональ бойынша жартысына бүктейміз 2.Жоғары жақты иілу сызығына түсіреміз. 3.Қарама-қарсы бұрыштарды қосамыз. 4.Түлкінің көзін,мұрнын қарандашпен саламыз 
2.6	**Сергіту сәті: «Түлкі»** Түлкі серуендеуге шықты. Жел басыла бастады. (Балалар орындарында жүреді.) Міне, ол еңіспен мініп келе жатыр Жасыл орманға жүгіреді. Ал діңгектердің арасына жүгіреді, Шөптер, гүлдер, бұталар арасында. (Балалар орындарында секіреді.) Кішкентай түлкі шаршады. Бұталарға тығылғысы келеді. (Балалар орындарында жүреді.) Шөптің ортасында қатып қалған түлкі Ал енді қатып қал, ал біз! (балалар орындарына отырады)
2.7.	**Дербес әрекет:** *Жұмыс басырысында қиналған балаларға жекелемек көмек көрсету*
3. Қорытынды	Жұмыстар көрмесі

№ 10–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Анама арналған әмиян »
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан әмиян сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Әмиян -кошелек -kohelek
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру, тақрақ.
1. Көрнекілік материалдар	Әмиянның суретті, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, шаршы үлгісінде түрлі- түсті қағаз.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісінде түрлі- түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	

1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Жылулық шеңбер.** Мен анамды сүйемін, Анам мені сүйеді Әрқашанда аналарды Құрметтеп мен жүремін!
1.3	**Тақпақ** Құшағыңа кіргенде Жылынамын бір демде Не жетеді көзіңе Мейірімді күннен де
2. Негізгі бөлім	**Әңгіме:** «8 Наурыз» Көктем- жыл мезгілі. Көктем түсе күн жылы шуағын шашады. Қар астынан қылтиып, жасыл шөп шыға бастайды. Жылы жаққа ұшып кеткен ұзақ, қараторғай сияқты құстар ұшып келе бастайды. Міне, осы кезде алғашқы көктем мерекесі-8 Наурыз халықаралық әйелдер күні аталып өтіледі. Бұл мереке мемлекеттік болып саналады, яғни бұл күні барлық адамдар демалады. Бұл мерекеде қыздарды, аналарды, әжелерді, апаларды өлең, тақпақ айтып, силық сыйлап құттықтау дәстүрге айналған. Олай болса балалар біз қазір сендермен бірігіп аналарымызға арнап әмиян жасап сиға тартайық.
2.1	**Жасалу жолын түсіндіру**. 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолдары.** Орындамас бұрын суретке мұқият қарап аламыз 1.Қағазды 20*20 размерінде дайындап аламыз .Қағаздың екі шетін қайырып көлдененнен бүктеп шығамыз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 2.Қағаздың екі жағын ортаңғы сызыққа дейін бүктейміз. 3.Кішкентай бұрыштарын екі жағынан бүктеңіз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 4. Кішкентай бұрышын оңнан сол жақ шеттерін қайтадан бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 5.Аударып қайтадан жартысына бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 6.Қағаздың шеттерін қайырып дәл ортаға бүгеміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 7.Бір үшбұрышынан әмиянның қалтасын жасаймыз (үлгіге қарап) 8. Осылай әмиянымыз дайын болады. (үлгіде көрсетілгендей) Балалар біздің аналарымызға деген силығымыз дайын болды.
2.3	**Сергіту сәті:** Анамызды құшақтап Мейрамымен құттықтап Қуанышқа бөлейміз Өздеріміз жасаған Сыйымызды береміз
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

№ 11–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным

Тақырыбы	«Бәйшешек»
Мақсаты	Балаларға көктем мезгілі және көктем гүлі бәйшешек туралы түсінік беру. Сөздік жұмыстары арқылы сөздік қорларын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін, қол моторикаларын дамыту, берілген сұраққа жауап беруге үйрету. Оригами қағазды бүктеу әдісі арқылы бәйшешекті жасауға үйрету.
Сөздік жұмыс	Оригами,бәйшешек
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар,АКТ.
1. Көрнекілік материалдар	Бәйшешектің суреті ,үлгі,ақ парақтар.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға ақ парақ беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	Ұйымдастыру кезеңі
1.2	Шаттық шеңбері Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да. Шуағын төгіп нұр, Сәлем, Күн – анаға!
1.3	Психологиялық сәт:Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді.
2. Негізгі бөлім	Әңгімелеу Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырмын, сол жұмбақтың жауабын тауып көріңдерші. Мұқият тыңдаймыз. Өзі сондай нәзік, Су құйсаң кетеді. Алақанын жайып.(гүл) -Балалар гүлдер не үшін керек? Ал, енді бейне таспадан гүлдерді тамашалайық. Балалар, бұл бәйшешек гүлі. Бәйшешек – сәндік өсімдіктер. Балалар бұл бәйшешек гүлі өзі кішкентай бойы да суыққа төзімді қар ерісімен шығатын түсі ақ гүл екен. -Бәйшешектің түсі қандай? -Жапырағы қандай түсті?
2.1	Бәйшешектің жасалу үлгісіне назар аударайық 
2.2	Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру: 1.Қағазды ортасынан бөліп,бір жақ шетін бұрыштап бүктейміз. 2.Екінші жағын дәл солай етіп бүктейміз. 3. Үшбұрыштың екі жағында бірдей етіп,жартысын бүктейміз 4. Бәйшешек дайын.
2.3	Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз,

	Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз солға бір, Бұрыламыз оңға бір. Біздер тату боламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз.
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 12–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Қалпақ» (қазақтың ұлттық ерлер бас киімі
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан қалпақтың сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Қалпақ -шапка-shapka
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, тақпақ, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру дидактикалық ойын,
1. Көрнекілік материалдар	Қазақтың ұлттық ерлер бас киімі -қалпақ, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, түрлі-түсті қағаз шаршы қалпақтың үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісін түрлі- түсті қағаз , өлшемі 10*10
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Шуақ шаша, Алтын таңда Мөлдір таза ауада. Табиғатта бәрі оянды, Оян сен де бар бала.
1.3	Тақпақ Наурыз тойы – тамаша, Наурыз тойы – жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса.
2. Негізгі бөлім	Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу. Әңгімелеу:Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық. Балалар, елге көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады.Наурыз – жыл басы ретінде тойланады. Қазақ халқы наурызды «Ұлыстың ұлы күні» деп есептейді. Бір – біріне жақсылық тілеп, «Ақ мол болсын», «Ұлыс оң болсын» деп тілек айтады. Наурыз мейрамында бәрі қазақтың ұлттық киімін киінеді. Бір- біріне сыйлықтар сыйлайды екен. Олай болса балалар біз наурыз мерекесінде қалпақ жасап бір- бірімізге сыйға тарту етейік.
2.1	**Қалпақ үлгісін назар аударайық**

	
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.Қағаздың 10*10 размерінде дайындап аламыз 2. Дәл ортасынан диагоналды түрде бүктейміз 3.Бүктеген қағазымыздың дәл ортасын табамыз 4.Екі жақ шетінен бүктеп қалпақтың екі шетін шығарамыз 5. Қағаздың аяқ жақ бөлігін жоғары қайырып бүктеу арқылы қалпақтың үлгісін шығарамыз . 6. Желім арқылы жұлдызшалар мен оюлармен әдемілейміз.
2.3	**Сергіту сәті:** Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермеңдер. Денелерің шыныққсын, Саналарың тыныққсын.
2.4	**Дид.ойын:** «Ұлттық киімдерді ата» **Мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету.
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрмеге қояды

№ 13–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Зымыран»**
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан зымыранның сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Зымыран - ракета-rocket
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру, сергіту сәтті.
1. Көрнекілік материалдар	Зымыранды кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, түрлі- түсті қағаз, зымыранның үлгісі.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға түрлі- түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Жылулық шеңбері.** Аспанға қарап ай көрдім, Төмен қарап жер көрдім. Оңға, солға бұрылып, Егеменді ел көрдім!

1.3	**Жұмбақ** 1.Ұшады қанатсыз Зырлайды аяқсыз (Зымыран) *2.Ұшқыш емес,бірақ ол* *Аспанда қалықтап ұшады* *Оны кім деп ойлайсындар?* *(Ғарышкер)*
2. Негізгі бөлім	**Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу.** Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа,аспан әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. -Балалар, мынау қандай әуе көлігі? -Зымыран -Иә,ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп атаймыз.Олар ғарышқа ұшып барып,аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Бәріміз суретке мұқият қарайық. Мына суреттегі алғаш ғарышқа ұшқан адам,ол Ю.Гагарин деген кісі.Мынау ғарышқа ұшуға дайындалып жатқан кезі.Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан.Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкерлері-Т.Әубәкіров және Т.Мусабаев деген ағаларымыз.Бұл кісілер еліміздің мақтаныштары.Олар ержүрек,батыр,халық қаһармандары.Осы кісілер сияқты білімді,тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек. Ал мынау ұшуға дайындалып жатқан ғарыш кемесі.Онымен адамдар аспанға ұшып, аспан кеңістігін зерттейді. Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады екен. Байқоңыр ғарыш айлағы ол біздің Қазақстанда,оның ішінде Қызылорда облысында орналасқан.Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы скафандр киген. Ғарышта ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. Балалар олай болса барлығымыз қағаздан зымыранның үлгісін жасап үйренейік
	Жасалу жолдарын түсіндіру үлгісі. 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолдары.** Орындамас бұрын суретке мұқият қарап аламыз 1.Қағазды дайындап аламыз .Қағаздың екі шетін қайырып көлдененнен бүктеп шығамыз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 2.Қағаздың екі жағын ортаңғы сызыққа дейін бүктейміз. 3.Қағазды ашып екі бұрышын үшбұрыш қылып бүктеп аламыз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 4.Қағаздың бұрышын оңнан сол жақ шеттерін қайтадан бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 5.Аударып қайтадан жартысына бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 6.Үлгінің бұрышын солдан оң жақ шетіне қайта бүктейміз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 7.Аударып қайтадан жартысына бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп)

	8.Қағаздың шеттерін қайырып дәл ортаға бүгеміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 9. Осылай зымыранымыз дайын болады. (үлгіде көрсетілгендей)
2.3	**Сергіту сәті:** Қане қанат жазайық, Зымыран боп, ұшайық. Ай бетінде болайық, Қайта жерге қонайық
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

№ 14–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Айы	Сәуір
Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Қолшатыр»
Мақсаты	Балаларға көктем мезгілі және көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Көктемгі ауа-райы құбылыстары жайлы түсінік бере отырып, здік жұмыстары арқылы сөздік қорларын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін, қол моторикаларын дамыту, берілген сұраққа жауап беруге үйрету. Оригами қағазды бүктеу әдісі арқылы қолшатырды жасауға үйрету.
Сөздік жұмыс	Оригами,қолшатыр
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар,АКТ.
1. Көрнекілік материалдар	Қолшатырдың суреті ,үлгі,ақ парақтар.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға түрлі-түсті парақ беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Күлімдеп күн бүгін, Қарады маған. Күлімдеп күн бүгін, Қарады саған да. Шуағын төгіп нұр, Сәлем, Күн – анаға!
1.3	**Психологиялық сәт:**Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелеу** Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырмын, сол жұмбақтың жауабын тауып көріндерші. Мұқият тыңдаймыз. Күрке ғой ккрсең алыстан, Астында адам қорғалар. Ұстасаң бір тал қамыстан, Төбеден суы сорғалар. (қолшатыр) -Балалар қолшатыр не үшін керек? -Жаңбырдан қорғану Сурет бойынша әңгімелеу
2.1	**Бәйшешектің жасалу үлгісіне назар аударайық** 

	
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.10*10 парақты аламыз. 2.Екінші жағын дәл солай етіп бүктейміз. 3. Үшбұрыштың екі жағында бірдей етіп,жартысын бүктейміз 4.Үшбұрыштың жартысын тағы бүктейміз. 5.Екі жағын бірдей етіп бүктейміз. 6.Дайын үшбұрышты және бүктейміз. 7.Астынғы артық бөлігін бүктеп. 8.Артық бөлікті қиямыз. 9.Дайын үшбұрышты ашамыз. 10.Бөліктерді дайындаймыз. 11.Дайын бөліктерді бір-біріне бүктейміз. 12.Төбесін қиямыз. 13.Таяшасын дайындап,орналастырамыз. 14.Қолшатыр дайын.
2.3	**Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз солға бір, Бұрыламыз оңға бір. Біздер тату боламыз, Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. **Ойын:** «Күн мен жаңбыр»
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 15–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Конверт»
Мақсаты	Балалардың конверт туралы білімдерін толықтыру, оригами қағазды бүктеу әдісі арқылы конвертті жасауға үйрету;құралдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру .
Сөздік жұмыс	Оригами,конверт
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі.
1. Көрнекілік материалдар	Конверттің суреті ,үлгі, парақтар
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға парақтар беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Табиғатым тамаша

	Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші балаша. Салем,салем алтын, Салем саған Жер ана. Салем саған достары.
1.3	**Психологиялық сәт:**Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелеу** Конвертің суреті бойынша әңгімелеу -Балалар қараңдаршы мына бір суретте не көріп тұрсыңдар? -Балалар хатты көріп тұрмыз. -Иа дұрыс айтасыңдар **Ғажайып сәт:** Осы кезде есік қағылып хат келеді. Тәрбиеші хатты оқиды. -Балалар бізге жұмбақ хат келіпті,онда бізге қызықты тапсырманы орындап беруді өтініпті. Оригами әдісі арқылы конверт жасауды сұрапты. -Жасаймыз ба балалар? -Балалар келіседі.
2.1	**Конверттің жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.10*10 парақты аламыз. 2.Үшбұрыш етіп басын бүктеуге дайындаймыз. 3. Үшбұрыштың басын белгіленген бойынша бүктейміз 4.Үшбұрыштың астын үлкен етіп бүктейміз. 5.Екі жанын ішке қарай бүктеуге дайындаймыз 6.Бірінші жағын бүктеу 7.Екінші жағын бүктеу 8.Астын алдыға қарай бүктеу 9.Екі бұрышын бүктеу 10.Ортасындағы бөлікті алдыға қарай бүктеу 11.Конверт дайын.
2.3	Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым. Жоғары,төмен қарайық, Орнымызды табайық.
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 16–шы ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	**«Гүлге арналған ыдыс»**
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан гүлге арналған ыдыстын сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Оригами, ыдыс
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру жұмбақ, дидактикалық ойын,
1. Көрнекілік материалдар	Ыдыстың үлгісі , кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, шаршы үлгісінде түрлі түсті қағаз.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға шаршы үлгісінде түрлі түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбер** Гүлдей болып жайқаламын Күн нұрына бояламын, Жапырағым желбіреп. Таңмен бірге оянамын, Көрік беріп далаға. Жүремін әркез қуана. Сәлеметсіздер ме!!!
1.3	**Тақпақ** Гүлім,гүлім,өсебер, Әдемі боп, асыл боп. Күндей жайнап кете бер, Қызыл, сары, жасыл боп.
2. Негізгі бөлім	Балалардың назарын суретке аудару. Сурет бойынша әңгімелеу. Гүлдер 3 – ке бөлінеді: дала гүлі, бақша гүлі және бөлме гүлдері. Дала гүлдері көктем мезгілі басталған айналаны әсем күйге бөлеп, құлпыртады. Дала гүлдеріне бәйшешек, қызғалдақ, сарғалдақ, жауқазын, бақбақ, т.с.с гүлдер жатады. Бақша гүлдеріне раушангүл, түймедағы, жатады. Бақша гүлдерін адамдар өздерінің бақшасына арнайы көктем мезгілінде егеді, олар әдемі хош иісімен ауланы құлпыртып тұрады. Бақша гүлдерін адамдар баптап, суарып отырады. Бөлме гүлдеріне райхан гүлі, астра гүлі, жатады. Бөлме гүлдерін де адамдар арнайы түбекке әдемілікке, таза ауа үшін отырғызады. Балалар гүлдерді жұлуға немес үзуге болмайды. Оларды баптап, күтіп, суарып отыруымыз керек. Табиғатта бәрі рет-ретімен шығады. Бірінші гүлдердің тамыры сабағы, одан кейін жапырақтары шығады,содан кейін гүлдер шығады. Гүлдерден тұқымдар пайда болады. Балалар қазір барлығымыз гүлге арналған құмыраны оригами әдісі арқылы қағазды бүктеп жасайық
2.1	**Гүлге арналған ыдыстың үлгісіне назар аударайық** 1 2 3 4  5 6 7 8

	
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.Шаршы парағын дайындап, түсті жағын бетіне қаратамыз 2. Қағазды дәл ортасынан екіге бүктейміз. Қағаздың ақ жағын ішіне қаратамыз. Бүктеген қағазымыз үш бұрышты болуы керек. (үлгіде көрсетілгендей) 3. Ортасы ашылатын жағын жоғары қаратамыз(үлгіде көрсетілгендей етіп) 4.Үлгінің оң жақ бұрышын ішке қарай қайырып бүктейміз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 5.Үлгінің сол жақ бұрышын ішке қарай қайырып бүктейміз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 6. Үлгінің жоғарғы ақ жағын ортасынан қайырып бүктеп ашамыз (үлгіде көрсетілгендей етіп) 7.Үлгінің жоғарғы ақ жағын дәл солай етіп қайырып бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 8.Дайын болған ыдысымыздың бұрыштарын әдемілеп бүктеп ашып шығамыз. Міне балалар біздің гүлге арналған ыдысымыз дайын болды
2.3	**Дидактикалық ойын:** «Гүлдерді ата» **Мақсаты:** Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу.Сөздік қорын молайту. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

№ 17–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Желдеткіш»
Мақсаты	Балаларға зырылдауық туралы түсінік бере отырып, оригами қағазды бүктеу әдісі арқылы зырылдауықты жасауға үйрету;құралдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру Қамқорлық сезімге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	Оригами,зырылдауық
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі.
1. Көрнекілік материалдар	Зырылдауық суреті ,үлгі,
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға ақ парақ тар беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Нұрланып күн тұрса, Күллі әлем жайнайды. Жер беті құлпырса, Бұлбұлдар сайрайды.
1.3	**Психологиялық сәт:**Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді.
2. Негізгі	**Әңгімелеу**

бөлім	Балалармен зырылдауық туралы әңгіме жүргізу.Өз ойларын сұрау. -Балалар олай болса назарымызды экранға аударып,қызықты бір видео материал көрейік. Балалар қуанышты.
2.1	**Зырылдауықтың жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.10*10 парақты аламыз. 2.Үшбұрыш етіп төртбұрышын бүктеуміз. 3. Тігініен қойып екі жағын бүктейміз 4. Бүктелген екі жанын қоса бүктейміз 5.Астынғы оң жақ бөлігін шығарамыз. 6.Астынғы сол жақ бөлігін шығарамыз. 7.Үшбұрыштап жан-жағын қайырып бүктейміз. 8.Зырылдауық дайын. **Сергіту сәті:** Күн ашылды жадырап, Кемпірқосақ көрінді. Қане,біздер балалар, Жадырайық күлімдеп. Дала таңы арайлы, Ақ сәулесі тарайды. Күннің көзі қызарып, Кең далама тарайды.
2.3	**Ойын:** «Кім жылдам?»
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

№ 18–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Әскерей қалпақ»
Мақсаты	Оригами техникасын қолдана отырып, қағаздан әскерей қалпақтың сұлбасын жасауды үйрету.
Сөздік жұмыс	Оригами
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, әңгімелесу жаңа тақырыпты түсіндіріп өту, оригами техникасы арқылы қағазды бүктеу тәсілдерін түсіндіру, тақпақ, сергіту сәті
1. Көрнекілік материалдар	Әскерей қалпақтық суретті, кезең- кезеңмен бүктеу үлгісі, А4 үлгісінде түрлі-түсті қағаз.
2. Үлестірмелі материалдар	Әр балалаға А4 үлгісінде түрлі- түсті қағаз.
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Ұл қолында ту жүрсін, Қыз қолында гүл жүрсін. Көп аузынан түспейтін

	Отан деген немене? Оның тұлға, түс-кейпін, Досың білгің келе ме?
1.3	**Тақпақ** Отан сенің ата-анаң Отан сенің бауырың Отан өлкең астанаң Отан аудан, ауылым.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелесу**: Мамыр айының 7- сі күні отан қорғаушылар күні деп жарялады. Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты. Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әскери қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызмткерлерін марапаттайды.Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді. Олар еліміздің тыныш, бибітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосуда. Сонымен қоса 9- мамыр Ұлы Жеңіс мерекесі. 9-мамыр Жеңіс күні- бүкіл дүние жүзі бойынша үлкен мереке. Әсіресе бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойынмен көтеріп,Отан үшін от кешкен батырларымыз соғыста қайсарлықпен шайқасқан. Жеңістің туын желбіреткен. Батырларымызға мың алғыс айтамыз.Біз батырларымызбен мақтанамыз, батырларымызды жадымызда мәңгі сақтаймыз. Олай болса балалар біз оригами әдісі арқылы Отан қорғаушыларымызға арнап әскерей қалпақ жасап сыйға тартайық.
2.1	**Әскерей қалпақтың үлгісіне назар аударайық.** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.А4 парағын дайындап аламыз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 2. Қағазды дәл ортасынан екіге бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 3.Екі жақ шетін үшбұрыштап бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 4. Үлгінің астыңғы жағынан үстіге қарай қайырып бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 5. Үлгінің екінші жақ астынғы жағын дәл солай қайырып бүктейміз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 6. Үлгінің екі жақ шетін ішіне қарай үшбұрыштылап бүктеп қайырамыз. (үлгіде көрсетілгендей етіп) 7. Үлгінің дәл ортасын әдемілеп ашамыз. (үлгіде көрсетілгендей етіп). Міне балалар біздің Отан қорғаушылрымызға арналған силығымыз дайын болды.

2.3	**Сергіту сәті:** Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын
3. Қорытынды	Балалар жасаған жұмыстарына қорытында жасап, көрме ұйымдастырады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы	Таным
Тақырыбы	«Жапалақ »
Мақсаты	Балаларға жапалақ туралы түсінік бере отырып, оригами қағазды бүктеу әдісі арқылы жапалақты жасауға үйрету;құралдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру Қамқорлық сезімге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	Оригами,жапалақ
Әдіс- тәсілдер	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, көрнекілік әдісі, дидактикалық ойын, жұмбақтар,.
1. Көрнекілік материалдар	Жапалақтың суреті ,үлгі, екі жақты ақ ,қоңыр парақтар.
2. Үлестірмелі материалдар	Балаларға екі жақты ақ қоңыр парақ тар беріледі
1.Кіріспе бөлім	
1.1	**Ұйымдастыру кезеңі**
1.2	**Шаттық шеңбері** Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3, деп соғайын.
1.3	**Психологиялық сәт:**Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді.
2. Негізгі бөлім	**Әңгімелеу** Жапалақ құсқа ерекше тоқталып, қысқаша мәлімет беру. Жапалақтар Антарктидадан басқа әлемнің барлық жерлерінде кездесетін жыртқыш құстар тобына жатады. Жапалақтардың көбі түнде белсенді, олардың үлкен баңырайған көздері және имек тәрізді тұмсықтары болады. Жалпы, жапалақтарды екі топқа бөледі, олар — кәдімгі жапалақтар және құмайлар. Кәдімгі жапалақтардың шамамен 122 түрі, ал құмайлардың 12 түрі белгілі

2.1	**Жапалақтың жасалу үлгісіне назар аударайық** 
2.2	**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру:** 1.10*10 парақты аламыз. 2.Үшбұрыш етіп басын бүктеуге дайындаймыз. 3. Үшбұрыштың басын белгіленген бойынша бүктейміз 4.Үшбұрыштың астын үлкен етіп бүктейміз. 5.Екі жанын қоса бүктейміз. 6.Жапалақ дайын
2.3	Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға қарай бір адым Жоғары, төмен қарайық, Құстарға біз ұқсайық Қане қанат қағайық Ұшып-ұшып алайық Ұшып алып қонайық. **Ойын:** «Қандай құстың дауысы?»
3. Қорытынды	Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Робототехника для детей и их родителей.

2. Лего конструктор энциклопедия{стр 1 Lego -конструктор}, 2008 ж.

3. Парамонова М.А.- М., 2002. 3. Фешина Е.В. Лего – конструирование в детском саду.

4. LEGO Digital Designer атты 3D модельдеу бағдарламасы. EV3-дің үлгісіндегі құрал. 2018 ж.

5.Комарова Л.Г. Строим из LEGO(моделирование логических отношений и объектов реального мира средствами конструктора LEGO). – М.: «ЛИНКА-ПРЕСС», 2001г.

6.Фешина Е.В. Лего-конструирование в детском саду. Методическое пособие. Издательство: Сфера,2018г.
7.Куцакова Л.В. Конструирование и художественный труд в детском саду. Программа и конспекты занятий. ФГОС ДО. Издательство: Сфера ,2017г
8.Интернет рессурстары
9. Фомина Л.В. Развивающие занятия в детском саду. Память, внимание, восприятие, речь, мышление, моторика руки. Москва. Академия Развития. 2007
10.Жинақтар «Оқу ойын әлемі» «Аруна» 2007.ж.
11.Нүсіпбекова М.И., Жүнісова Қ.Ш. «Педагогикалық сыр-сандық. Валеологияның негіздері, дидактикалық ойындар». Алматыкітап, 2005.ж.
12.Раева С.К «Қуырмаш» Алматы. «Алматы кітап»2007ж